

#КүшімізБірлікте

Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мұра етуіміз керек. Мемлекеттік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне осы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҮРҒЫН ҮЙ



БАСПАНАҒА БАҒДАР
Жалға берілетін тұрғын үйге субсидияны қалай алуға болады?

5

«АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ



**ТҮРҒЫНДАРДЫ НЕ
ТОЛҒАНДЫРАДЫ?**

7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 2 наурыздағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 088 764

II компонентпен

1 058 952

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 2 наурыздағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 390 070** адам,
II компонентпен **9 002 048** адам

вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

3.03.2022

Түнде:



0+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+9+11 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

4.03.2022

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №24 (6159) 3 наурыз, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билік партиясының кезектен тыс съезіне қатысты



1 наурыз күні Мемлекет басшысының қатысуымен Nur Otan партиясының кезектен тыс съезі өтті. Жиында саяси партия атауы Аманат деп өзгертілді. Онлайн форматта өткен іс-шараға еліміздің әр өңірінен 399 делегат қатысты. Nur Otan партиясының кезектен тыс съезі барысында партияның Саяси кеңесінің құрамы өзгерді.

Съезде сөз сөйлеген ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.

– Ең алдымен, баршаңызды бүгінгі Алғыс айту күнімен құттықтаймын! Бұл – өзара тілектестікті, жанашырлықты, қамқорлықты дәріптейтін мейрам. Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекеттігіміз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіремін, – деді Президент.

2

2022 ЖЫЛ – БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

Алматыда 100 мыңға жуық бала 2 мыңға тарта спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге қатысады



6

ҚЫСҚА...

- Бүгін Медеу ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен «Асыл Ана – 2022» байқауы өтеді.
- Алматыда тұрғын үйлер шілде айына дейін ПИК-тен шығуға тиіс.
- Алматыдағы Президент резиденциясы сүріліп, орнына саябақ салынады.
- Brent мұнайының бағасы 110 доллардан асты.
- Бүгін Алматы музейінде «Сыңғыр шолпы шашбаулым...» зергерлік әшекей бұйымдар көрмесі ашылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ билік партиясының кезектен тыс съезіне қатысты

(Басы 1-бетте)

Nur Otan партиясының кезектен тыс съезінде партия Төрағасы ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл осы күні өтуінің символдық мәні бар екенін атап өтті. Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастамалар көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды. Сондықтан да партияның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне маңыз берді Төраға.

Алқалы жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов ұйымның идеологиясын жаңа мазмұнмен толықтырып, тиімді жұмыс тәсілдерін енгізу керек екенін алға тартты. Мәжілістегі фракция депутаттары жан-жақты талқылаудан кейін пікірлесе келе партия атауын Amanat деп өзгертуді ұсынғанын мәлімдеді. Делегаттар партияның модернизациясы тұрғысында айтылған барлық ұсынысты, оның ішінде партияның модернизациялау бағдарламасы, жаңа атауы мен белгісі бойынша ұсыныстарды дауысқа салды. Осылайша съезд барысында Nur Otan партиясының атауын Amanat деп өзгерту туралы шешім қабылданды.

Алдымызда аса маңызды жұмыс тұр

Президент еліміздің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кіріскенін мәлімдеді. Төраға тұжырымдағандай, алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Қазір бүкіл әлемдегі ахуал өзгеріп жатыр. Жаңа құндылықтармен қатар күрделі сын-қатерлер пайда болуда. Осындай аумалы-төкпелі уақытта еліміз дамудың келесі кезеңіне қадам басты.

Мемлекет басшысы 16 наурызда саяси реформалардың жаңа бағдарламасын ұсынаынын мәлімдеді. Қазір партиялар арасында бәсеке күшейе түсуіне орай партияның басты саяси күші ретіндегі рөлін сақтау қажеттігін ескертті. Бұл – өте маңызды міндет. Ұйым әрдайым ел мүддесін қорғайтын нағыз халықтық партия болып қалуы керек. Дамудың жаңа кезеңінде партияға жаңа тұғырнама қажет. Бірақ негізгі құндылықтар өзгермеуге тиістігіне маңыз берген Мемлекет басшысы Орталық аппаратқа жұмыс тобын құрып, партияның жаңа тұғырнамасын әзірлеуді тапсырды.

Аманат – айрықша мәні бар киелі ұғым

Біз «Жаңа Қазақстанды» құруға кірістік. Бұл – өте ауқымды міндет. Тіпті, болашақтағы тағдырымызды шешетін аса маңызды жұмыс деуге болады. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйықты болуға тиіс. Ол үшін өзгерісті алдымен өзімізден бастауымыз керек. Сондықтан бүгінгі күн тәртібіндегі негізгі мәселе – Партияны жаңғырту. Заман, қоғам, адам өзгеріп жатқанда, партияның өзгеруі – заңдылық. Бұл – уақыт талабы.

– Саяси ұйымның атауын «Аманат» деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне, осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстандады. «Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің – мағынасы терең, халқымыздың тарихы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалпыұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұралымызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің аға буын мен өскелең ұрпақ алдындағы қастерлі борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде Аманат деп атауды толық қолдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек

Президент өткен айда жүргізілген ауқымды аналитикалық жұмыстар партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізу қажет екенін көрсетті деп атап өтті. Жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдай отырып, партия Төрағасы біқатар басым міндетті айқындап берді. Оның пікірінше, ең алдымен, орталыққа тәуелділікті жою және партия аппаратының тиімділігін арттыру қажет.

– Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғытты. Жұмысқа құлшынып тұрған азаматтар өз орындарын дарынсыз функционерлерге беруге мәжбүр болды. Сондықтан орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен



өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арылуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Жиында партия жұмысын жандандырып, ұйымның рөлін күшейту мәселесі сөз болды. Президент айтқандай, жылдар бойы үнсіз болған, саясатпен айналысып жүрген кейбір адамдар қазіргі «жылымықты» пайдаланып, әлеуметтік желіге жаппай шыға бастады. Олар ақпараттық кеңістікті жайлап алды деуге болады. Неше түрлі қауесеттер, жалған ақпарат тарап жатыр. Мұндай ахуал елді адастыруы мүмкін. Ашығын айтсақ, қолға алып жатқан жоспарларды, іс-шараларды көпшілік біле бермейді. Партия белсенділері заманауи ақпарат құралдарын пайдаланып, оларды жұртқа жан-жақты түсіндіруі қажет.

Рейтинг – нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру қажет. Депутаттық фракциялар диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін өздеріне алып, олардың жұмыс қорытындысы бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

– Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл – аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Қажет болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек, – деді партия Төрағасы.

Партия популизмге салынып, орындалмайтын уәде бермегені жөн

Мемлекет басшысы азаматтардың мүдделерін ілгерілетуді және партияның ашықтығын басты мәселе ретінде айқындады. – Партия популизмге салынып, орындалмайтын уәде бермегені жөн. Сонда Премьер-Министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Ал оның партияға кері әсері тиеді. Бұндай көзбояушылықтың салдары адамдардың әлеуметтік көңіл күйіне және ішкі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет, – деді Президент.

Саяси басшылар журналистермен де тіл табыса алуы керек

Партия Төрағасы елімізді одан әрі жаңғырту үшін партияластарынан тың ұсыныстар күтетінін атап өтті. Сондықтан жалпыұлттық өзекті мәселелердің күн тәртібін әзірлеу үшін Қазақстанның әрбір азаматынан тың идеялар мен ұсыныстар жинау жөнінде республикалық акция ұйымдастырған жөн. Мемлекет басшысы партияластардың ішінен сенімді адамдар-

ды іріктеп, оларды ілгерілету ісін жалғастырған жөн деп санайды.

– Ашығын айтқанда, қазіргі кезде саяси менеджерлерді даярлау ісі ақсап тұр. Қазіргі жағдайда саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алуы керек. Мұндай адамдар ел арасында аз емес. Әлеуметтік лифтінің жоқтығы – бірден-бір кедергі. Жас әрі қабілетті мамандарға мүмкіндік бермейміз. Бұл – біздің басты кемшілігіміз. Партия құрылымында Саяси менеджмент академиясы бар. Осы академияның қызметін күшейту қажет, – деді Президент.

Сынақтарды бірге еңсереміз

Президент осы айтылған міндеттерді мейлінше қысқа мерзім ішінде орындау қажет екеніне назар аударды. Партия Төрағасы орталық аппаратқа жұмыс тобын құрып, партияның жаңа тұғырнамасын әзірлеуді тапсырды. Оның айтуынша, «Аманат» – озық ойлау мен әділдіктің, бірлік пен алға ілгерілеудің партиясы, халықтың пікірі мен ел мүддесін ескеретін азаматтарымыздың игілігі жолында қызмет ететін негізгі ұйым.

Украинада болып жатқан қазіргі жағдайда осы айтылған барлық мәселенің мәні зор.

– Біздің ұстанымымыз мемлекетіміздің қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізген ел ретінде еуразиялық қауіпсіздіктің тұтастығы қағидатына бейбідіміз. Мен бұл туралы 10 ақпанда Мәскеуге жасаған сапарымда айттым. Біз екі мемлекетті келіссөз үстелінде ортақ тіл табысуға, уағдаластық пен келісімге келуге шақырамыз. Басқа жол жоқ. Жақсы жанжалдан жаман бітім артық. Бейбітшіліксіз даму болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан, қажет болса, дедалдық қызметтермен қоса, барлық көмек түрлерін көрсетуге дайын.

– Мен Қауіпсіздік Кеңесінің бірқатар отырысын өткіздім. Санкциялық қарсылықтың бұрын-соңды болмаған шиеленісуі жағдайында Үкіметке елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөнінде нақты міндеттер жүктедім. Біздің экономикамыз дағдарыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін санкциялық сын-қатерлерге қарсы тұруға дайын болуы керек. Алдағы қиындықтар мен сынақтарды бәріміз бірге еңсереміз деп ойлаймын. Олардың күрделілігін бағаламауға немесе асыра көрсетуге болмайды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің қауіпсіздігі мен халықтың әлауқатын қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін жасауға уәде берді.

– Мен үшін ең басты құндылық – Қазақстанның Тәуелсіздігі. Мемлекет басшысы ретінде еліміздің қауіпсіздігі мен халқымыздың амандығын қамтамасыз ету үшін қолдан келгенін бәрін жасаймын. Жауапкершілік жүгі қаншама ауыр болса да, одан еш қаймықпаймын. Бүгін партиямыздың бағыт-бағдарын айқындадық. Енді білек сыбана жұмыс істеуіміз керек. Халық нақты өзгерістерді күтіп отыр. Партия атына заты сай болуға тиіс. Ел бірлігін нығайтып, Жаңа Қазақстанды құру – бәрімізге ортақ міндет. Осы міндетті абыроймен атқарсақ, болашағымыз да баянды болмақ. Партияның әрбір мүшесі бұл жауапкершілікті терең сезініп, аянбай еңбек етеді деп сенемін. «Береке басы – бірлік» екенін әрдайым есте сақтайық! Жаңа Қазақстанды бірге құрайық! – деді Мемлекет басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



twitter

@TokayevKZ



БҰҰ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА 30 ЖЫЛ!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-дегі парақшасында Біріккен Ұлттар Ұйымын нығайту қажеттігі туралы пікір білдірді. Мемлекет басшысы осыдан 30 жыл бұрын Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі атанғанын еске салды.

«Қазақстан осыдан 30 жыл бұрын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Біз БҰҰ-мен жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өркеніетті қоғам құру мәселесіне байланысты ынтымақтастық орнаттық. Геосаяси ахуал ушыға түскен қазіргі кезде осы ұйымның әлеуеті мен рөлін арттыра түсу керек», – деп жазды Мемлекет басшысы.



● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Биыл Қазақстанның БҰҰ құрамына кіргеніне – 30 жыл! Халықаралық ұйымдармен, әсіресе, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымымен (БҰҰ) тығыз ынтымақтастық – Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты басымдықтардың бірі. Қазақстан өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясының пленарлық отырысында бірауыздан Біріккен Ұлттар Ұйымының 168-і мүшесі болып қабылданды. Бүгінде әлемдегі ең беделді бұл ұйымға 193 мемлекет кіреді.

facebook

@berikuali77

РЕЗИДЕНЦИЯ ОРНЫНА САЯБАҚ САЛЫНАДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook-тегі парақшасында Мемлекет басшысының шешімімен Алматыдағы Президенттің қызметтік резиденциясы сүрілетінін жазды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен қаңтар оқиғасы кезінде бұзақылар мен лаңкестер өртеп, қиратқан Алматы қаласындағы Президенттің қызметтік резиденциясы сүрілетін болды. Оның орнына қала тұрғындары үшін саябақ салынады», – делінген жазбада.



● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Биылғы қаңтар айындағы Алматыдағы төртіншіліктер кезінде бұл ғимарат та отқа оранған болатын. Президенттің резиденциясы Елордаға ауысқаннан кейін бұл нысан тарихи-мәдени ескерткіш болып саналды. Алматыдағы Республика алаңының оңтүстік жағында орналасқан Президент резиденциясы 1995 жылы (архитекторлары: І.Монтақаев, С.Баймағамбетов, О.Е.Цой, конструкторы Т.Алпысбаев, дизайншысы Де Шанель, француздың Буиг фирмасы) тұрғызылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ПРЕЗИДЕНТ



МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ

әрбір азаматтың қауіпсіздігін қорғау –
Қарулы Күштердің міндеті

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысының төрағалығымен Қорғаныс министрлігінде армияны одан әрі дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының басшылығына әскери қауіпсіздіктің қазіргі жағдайын ескере отырып, Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамын жаңғырту жөнінде тапсырма берді. Сонымен қатар, заманауи цифрлық тәсілдер арқылы әскери басқару жүйесін жетілдіру қажет екеніне назар аударды.

Жиында Қазақстан әскерін заманауи әрі жоғары технологиялы қару түрлерімен, әскери техникамен қайта жабдықтау мәселелері талқыланды. Қорғаныс министрлігіне әскери күштерді пайдаланудың жаңа әдістерін енгізу арқылы жауынгерлік дайындық бағдарламасын қайта қарау тапсырылды.

Мемлекет басшысы әскери

қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, меритократия қағидаты негізінде мансапты өсіру мақсатымен әскери білім беру және кадрлық саясат жүйесін дамыту мәселелеріне баса мән берді. Президент әскери қызметшілер мен әскери қызметтің әлеуметтік мәртебесін арттыру және жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру қажеттігі туралы айтты.

Жиын соңында Жоғарғы Бас қолбасшы мемлекеттің мүддесін және әрбір азаматтың қауіпсіздігін қорғау Қарулы Күштердің міндеті екенін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

ИНТЕГРАЦИЯ ЖЕМІСІ

Биыл мүгедектігі бар азаматтардың 20%-ы тиісті мәртебені сырттай тағайындау қызметімен қамтылады

АА

Әсел
ДАҒЖАН

«Мемлекет басшысы биыл ақпан айында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша қолайлы жағдай жасауды, қағазбастылықты алып тастауды тапсырды. Соған байланысты біздің министрлік Денсаулық сақтау және Цифрлық даму министрліктерімен бірлесіп, мүгедектікті сырттай анықтау бойынша шаралар қабылдады. Бүгінгі таңда еліміздің барлық 17 өңірінде мүгедектікті анықтау үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің



сырттай форматы бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Бұл ретте азамат тұрғылықты жері бойынша емханаға ғана жүгінеді, қалған процестер ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы адамның қатысуынсыз өтеді. Жалпы, биыл біз мүгедектігі бар азаматтардың 20%-ын осы тәсілмен қамтуды жоспарлап отырмыз», – деп мәлімдеді ҚР Еңбек

және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкенов. Оның мәлімдеуінше, 23 ақпандағы жағдай бойынша сырттай форматта 6753 өтінім қаралған.

«Мүгедектігі бар адамдар үшін 2021 жылдан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы енгізілді. Портал қызмет жеткізушілерін өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді, ал мемлекет тауардың немесе қызметтің құнын өтейді. Осының арқасында кейбір жағдайларда қызметтерді алу мерзімі 6 айдан 2 аптаға дейін қысқарды. Нәтижесінде былтыр портал арқылы 371 мыңнан астам қызмет көрсетілді және оналту бағдарламаларының орындалуы 2019 жылғы 62%-дан былтыр 88%-ға дейін ұлғайды», – деген министр биыл бұл межені 90%-дан асыруды жоспарлап отырғанын жеткізді.

● «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

МИБ және ЖС

Кеше Әлеуметтік қызметтер үйінің ғимаратында Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы мамандарының ұйымдастыруымен тұрғын үйді басқарудың жаңа формасына көшуге байланысты, сондай-ақ, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық қызметі саласындағы туындайтын мәселелерге арналған «Ашық есік» күні өтті.

АА

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Іс-шараға Алматы қаласы Әділет департаменті, «Алсеко» АҚ, «ИВЦ» ақпараттық-есептеу орталығы, Жер қатынастары басқармаларының және әр ауданда-

ғы коммуналдық шаруашылық бөлімдерінің өкілдері қатысып, қала тұрғындарының сауалдарына жауап берді.

– Мақсатымыз – мүлік иелері бірлестігі (МИБ) мен жай серіктестік (ЖС) құруда алматылықтарға қолжетімді ақпарат ұсыну, халықтың көкейтесті мәселелері-

не заңды түрде түсініктеме беру. Өзіңіз көріп отырғандай, бүгінгі іс-шараға қаладағы барлық құзырлы органдардың мамандары келіп отыр. Сала мамандарына тұрғындар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, оның шешу жолдарына қатысты кеңестер алды. Мұндай іс-шаралардың қала тұрғындарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мәселелерін шешуге пайдасы зор, – дейді Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасының бөлім басшысы Жандос Қайырханов.

Ашық есік күнінде әрбір тұрғынның өтініштері мұқият тыңдалып, оның шешілу жолдары бойынша заңдылығына сәйкес түсініктеме берілді.



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Мен үшін ең басты құндылық – Қазақстанның Тәуелсіздігі. Мемлекет басшысы ретінде еліміздің қауіпсіздігі мен халқымыздың амандығын қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын. Жауапкершілік жүгі қаншама ауыр болса да, одан еш қаймықпаймын. Бүгін партиямыздың бағыт-бағдарын айқындадық. Енді білек сыбана жұмыс істеуіміз керек. Халық нақты өзгерістерді күтіп отыр. Партия атына заты сай болуға тиіс. Ел бірлігін нығайтып, Жаңа Қазақстанды құру – бәрімізге ортақ міндет. Осы міндетті абыроймен атқарсақ, болашағымыз да баянды болмақ. Партияның әрбір мүшесі бұл жауапкершілікті терең сезініп, аянбай еңбек етеді деп сенемін. «Береке басы – бірлік» екенін әрдайым есте сақтайық! Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

НЕГІЗГІ ТАЛАП – ХАЛЫҚПЕН БІР БОЛУ

«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел». Күні кеше өткен билеуші партияның съезі осы сөзді ауызға салып тұрғандай болды. «Аманат» болып атауын өзгерткен партия, шын мәнінде, жаңару жолына түсіп отыр. Сәт сайын өзгерістер орын алып жатқан мына заманда соған лайық болмасаңыз, құрдымға кетесіз. Ең негізгі талап – халықпен бір болу. Жаңарып отырған партия туралы қоғам белсенділерінің де айтары аз емес.



Мұрат ЖҰРЫНОВ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының президенті:

АМАНАТ – СИМВОЛДЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ

Nur Otan партиясының атауы «Аманат» болып өзгеруі еліміздің болашақта тыныш өмір сүрудің кепілі болмақ. Аманат – символдық тұрғыдан қастерлі ұғым. Ата-бабадан мирас болған ел мен жерді сақтау, өркендету – әрбір азаматтың еншісіне берілген аманат. Сондықтан да жаңарған партияға артылған сенімнің жүгі ауыр. Жаңа Қазақстанға, жаңа партиямен жол бастасак еліміз өркендеп, дамыған мемлекеттердің қатарынан көрінеріміз анық. Партияның атауы ғана өзгермей, қатарындағы қызметкерлері де өзгереді деген сенімдеміз. Партияның жаңғыруға байланысты қабылдаған 7 басымдық халықтың көкейінде жүрген ойлары еді. Осынау модернизациялаудың ішінде өзіме ұнағаны 1 тармағындағы Халықпен байланыс жасау құралдарының тиімділігін арттыру дегені. Қазіргі уақытта еліміздегі ең басты мәселе – ол жұмыссыздық. Осы мәселені түпкілікті шеше алсақ, елдің экономикасы тұрақталатын еді. Білімнің жоғарғы сатысы ғылым демекші, алдағы уақыттарда партия ғалымдарға көңіл бөлсе деген үмітеміз. Жаңарған партия президент реформаларын жүзеге асырудың басты драйвері болуға тиіс. Қазіргі геосаяси ахуал күрделі, әлемдік әлеуметтік-экономикалық жағдай ұшығып тұрған мына кезеңде партия да заман ағымына ілесіп, уақыт сынына жауап бере алатын саяси күш болып қалуы керек.



Аягүл МИРАЗОВА, Қазақстанның Еңбек ері:

НАКТЫ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТЕМІЗ

Партияның кезектен тыс өткен съезінде Президент нақты тапсырма беріп, қағазбастылықтан табанды түрде бас тартудың маңызды екенін атап өтті. Бұл кез келген сала үшін өте дұрыс шешім болмақ. Партия атауының өзгеруіне байланысты Мемлекет басшысы партия алдына қойған бірқатар міндеттерді атады. Президентіміз өз сөзінде: «Халық нақты өзгерістерді күтіп отыр, партия атына зат сай болуы керек» деп атап өтті. Бастысы да осы. Партия алдына қандай мақсат қойса да, халықтың келешегіне әсер етеді. Сондықтан партия жаңа мәдениет қалыптастырып, ел игілігі үшін жұмыс істесе дейміз. Бұған дейінгі партияның халық үшін жасаған істерін жоққа шығара алмаймыз. Өкінішке қарай, еліміздегі соңғы болған жағдайлар әлі де шикіліктің барын растады.



Шолпан ЖАМАНБАЛАЕВА, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты бас директорының орынбасары:

ЕЛІМІЗДІ НЫҒАЙТУЫМЫЗ КЕРЕК

Nur Otan партиясының кезектен тыс XXII съезі еліміздің ең ірі әрі жетекші партиясының тарихындағы түбейгейлі өзгеріс әкелген оқиға ретінде тарихта қалады. Мәселе партияның аты Аманат болып өзгеруінде ғана емес. Ұжым бұл өзгеріспен қатар өз бағыты мен мақсат-мүддесін де жаңа арнаға бұрды. Партияның жаңа бағыты оның бүгінгі жаңашылдық пен жаңғыру кезінде өзінің басшылық қызметін ары қарай дамытуына тікелей әсер етеді.

Партия Төрағасы Қ.Қ.Тоқаев атап өткендей, жаңа Қазақстан өзгерістерінің басы-қасында болу үшін партия өз қызметін уақыт талабына сай жаңғырта отырып, өзін өзгертуге кірісуі керек. Осыған орай

халықпен кері байланыстың тиімділігін арттыру үшін енгізілетін реформалардың маңызы зор. Партияның қоғамдық кеңестерін қайта құрып, жаңа мамандарды шақыру – қоғамның ең өткір мәселелерін бүкпесіз ашық түрде шешуіне көмектеседі.

Сонымен қатар, партия Төрағасы парламенттік фракциялардың қызметін жандандыруға және Парламент пен мәслихат қабырғасында ой алмасарлық алаңдарды құруға, халықтың депутаттарға деген сенімін арттыруға баса назар аударды. Орталық аппарат Мәжілістегі партия фракциясымен және Үкіметпен бірлесіп, сайлауалды бағдарламаның орындалуына тексеру жүргізеді. Партия қызметіндегі ашықтықты арттыруда барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының рейтингісін жариялауға және Talqylau партияшілік пікірталас алаңын құруға ерекше мән берілуде.

Аманат партиясы – Қазақстан қоғамынан ажырамас ұйым ретінде ауқымды және прогрессивті реформалардың тірегіне айналуы тиіс. Бүгінде партияның алдында «Қантар қасіретінің» салдары ғана емес, әлемдік экономика мен геосаяси жағдайдың ұшығуына байланысты әртүрлі сын-қатерлер тұр. Біздің басты мақсатымыз – халық бірлігін сақтап, еліміздің өсіп-өркендеуін қамтамасыз ету, егеменді әрі тәуелсіз Қазақстанды нығайтып, ұрпаққа аманат ету.



Арман ЖҮДЕБАЕВ, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры:

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУҒА БАР КҮШІМІЗДІ САЛАМЫЗ

Nur Otan партиясының кезектен тыс шақырылған XXII съезінің қорытындысы бойынша партияның құрылымы, жұмыс жасау тәсілі, ең маңызды тұсы – атауы да өзгерді. Партияның атын өзгертіп, Аманат деп атау туралы ұсынысты ҚР Парламенті Мәжілісінің спикері Ерлан Қошанов мырза жасады. Президентіміз, партия төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл ұсынысты қолдады. Жетекші саяси ұйымның Аманат деп өзгеруі бекер емес болса керек-ті. Ұлан-ғайыр жерді, озық дәстүрлерді, көл-көсір рухани қазыналарды бізге аманаттап кеткен қасиетті бабаларымыздың аманатына қиянат жасамай, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету, еліміздің жан-жақты қуатты мемлекетке айналуына атсалысу әрбіріміздің борышымыз екені белгілі. Сондықтан жиын қорытындысы бойынша түбейгейлі өзгерістерге түскен партияның «Жаңа Қазақстанды» құру үшін белгіленген жаңа міндеттемелерін орындауға бар күшімізді саламыз.

Жаңарған жылдың, жаңа көктемнің алғашқы күнінде жасалған жаңа шешімдер ел игілігіне қызмет ететініне сенемін. Ел болашағы жарқын болсын!



Жасұлан БОСТАНДЫҚҰЛЫ, «Алматы студенттер альянсы» КҚ жетекшісі:

АШЫҚ ТҮРДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бүгінгі кезектен тыс съезде Nur Otan партиясының аты Аманат болып өзгеруі – партияның түбейгейлі ребрендингі деп түсінеміз. Яғни ұйымның тек аты ауысып қана қоймай, ішкі құрылымында да бірқатар өзгерістер орын алуы керек. Қазақ «аманатқа қиянат жасама» деген сөз бар. Осы нақылға сүйене отырып, Аманат партиясы халықтың ниет-тілектерін ескеріп, өз міндетін мүлтіксіз атқарады деп сенеміз. Сонымен қатар, партия жиналысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бюрократияның көзін жою керектігін нақты белгіледі. Бұл мәселе біраз жылдан бері талқыланып, шешімін таппай келеді. Сондықтан осы мәселе алдағы уақытта толық шешіліп, Аманат партиясы заманауи цифрланған жүйемен жұмыс істейді деп ойлаймын. Ел Президенті басшылардың мәселені өз кабинеттерінде емес, халық ортасында, елмен жүріп шешу керектігін айтты. Халықпен тікелей байланыс орнатып, ашық жұмыс істеудің маңызын ескертті. Жиналыста антиресейлік санкциялардың Қазақстанға әсері де талқыланып өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеде үкіметке нақты шаралар қабылдап, экономикалық тұрақтылықты сақтау үшін жоспар құруды тапсырды. Осы жоспардың нақты сатыларын Мемлекет басшысы 16 наурызда жариялайтын өз Жолдауында анықтап айтады деп күтеміз.

Бекқали
ТОРҒАЕВ,
Парламент
Мәжілісінің
депутаты,
Аманат
партиясы
фракциясының
мүшесі:



ЖЕТІ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚ АЙҚЫНДАЛДЫ

23 жыл тарихы бар Nur Otan партиясы еліміздің басты саяси күшіне айналып, қоғамның өзгеру және заманның даму формациясына сай өз жұмысын жаңғыртып, жетілдіру жұмыстарын бастады.

Бұл күнге дейін Nur Otan партиясы еліміздің аумағында іргелі ірі жұмыстар мен игі бастамаларды көтеріп, жүзеге асырды. Партия әруақытта мемлекетіміздің ілгерілеуіне атсалысып, саяси және әлеуметтік, экономика мен шаруашылық бағыттардағы процестердің тиімді орындалуына үлес қосып отырды.

Президентіміз, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы күні кеше өткен съезде партияның атауын өзгерту бойынша ұсынысты қолдап, Аманат ұғымы – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым екендігін атап өтті. Қазіргі қоғамдық сананың трансформациясы кезінде партия елдің аманатын арқалайтын, халық мүддесін қорғап, мемлекетіміздің дамуына тікелей атсалысатын болады.

Осы ретте «Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы ауқымды мақсат-міндеттерді іске асыруда Аманат партиясы барлық реформаға ұйытқы болады. Бұл маңызды жұмысты орындау үшін партия өз ішінен бастап тыңғылықты жұмыстарды атқаруы керек.

Бір ай көлемінде партияның ішкі жұмыс процестерін, бастауыш партия ұйымдары мен өңірлік филиалдарының жұмыстары, партиялық кеңестердің құндылықтары мен бағыт-бағдарлары терең сарапталып, проблемалық сұрақтар мен оларды шешу бойынша ұсыныстар, тиімділікті арттыру бойынша идеялар пысықталған үлкен жұмыс жүргізілді. Біз де Мәжілістегі партияның Фракция мүшелері ретінде бұл арнадағы жұмыстарға белсенді араластық. Съезде партиялық тәртіп пен тиімділікті арттыру бағытында модернизациялаудың 7 негізгі басымдықтары айқындалды:

1. Халықпен кері байланыс жасау құралдарының тиімділігін арттыру.
2. Партияластар арасындағы ынтымақтастықты арттыру.
3. Партияның жұмысындағы ашықтықты арттыру.
4. Партиялық бақылауды күшейту.
5. Партияның бағдарламалық құжаттарын қайта қарау.
6. Халықтың әртүрлі топтарымен жұмыс істеу.
7. Jas Otan жастар қанатының жұмысын жетілдіру.

Партия саяси принциптері мен құндылықтарын халықпен етене тығыз жұмыс істеуге, қоғамдағы үрдістер мен түйткілді проблемаларды зерделеуге, партия ішіндегі жұмыс тиімділігін арттырып, транспаренттік қағидатын кеңінен енгізіп, жастар саясатына үлкен көңіл бөлуге шоғырландыратын болады.

Партия Төрағасы нақты атап өткендей, әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Осы ретте өкілді заң шығарушы органдардың жұмысы жүйелі түрде жетілдірілетін болады.

Қабылданып жатқан өзгерістер мемлекетіміздің ары қарай дамуына және халқымыздың әлеуметтік және экономикалық ахуалын жақсартып, қоғаммен бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған. Осы анықталған айқын міндеттерді жүзеге асыруға, Жаңа Қазақстанның берекелі бастамаларына баршамыз бірге атсалысуымыз қажет.



ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАҒА БАҒДАР

Жалға берілетін тұрғын үйге субсидияны қалай алуға болады?

Алматы секілді ірі қалалардан үй алу үшін қомақты қаржың болуы керек немесе тұрғын үйге қол жеткізуге бағытталған түрлі бағдарламаларға қатысқан жөн.

Кұралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мәселен, «Отбасы банкі» мемлекеттік қолдауға төрт санат бойынша кезекте тұрған барлық қазақстандықтар өтініш бере алатынын айтады. Яғни I және II топтағы мүгедектер; мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар; жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар және көпбалалы отбасылардың мемлекеттік бюджет есебінен берілетін қаржылай көмек (субсидия) алуларына мүмкіндік бар. Субсидия алу үшін үміткер Otbasysbank.kz порталында («Баспана маркет» маркетплейсі) тіркелуі қажет. Мұны ЭЦҚ көмегімен жасауға болады. Сондықтан азаматтар электронды цифрлық қолтаңбаны алдын ала алуы керек немесе қолданыстағы ЭЦҚ-ның жұмыс істеп тұрғанын тексеруі қажет.

Порталда тіркелгеннен кейін субсидия алуға өтініш беруші оған төлемдер тағайындауы үшін стандартты өтініштерді толтырып, өзіне қолайлы пәтер немесе үй табады. Жалға алу келісім-шарты порталда үлгі нысаны бойынша автоматты режимде рәсімделеді. Оған сонымен бірге, платформада субсидия алуға өтініш беруші (жалға алушы) мен баспананы жалға беруші қол қояды.

«Отбасы банкі» АҚ баскарма төрайымы Ләззат Ибрагимова қаржылай көмекті алу үшін қандай жұмыстар жүргізілетінін былай түсіндіріп берді:

– Жеке куәлік, неке немесе некені бұзу туралы куәлік, балалардың туу туралы куәліктері, тұрғын үйінің бар-жоғы туралы анықтамалар, тіркеу және кірістер туралы мәліметтерді банк мемлекеттік органдардың деректер базасымен біріктіре отырып тексе-



ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Субсидия – бұл жеке адамға, бизнеске немесе мекемеге мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай қолдау. ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба. Бұл сіздің жеке басыңызды куәландыратын және электрондық көрсетілетін қызметтерді алу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін сертификат. АЕК – айлық есептік көрсеткіш.

реді. Субсидия алуға үміткер туралы барлық деректер тексерілгеннен кейін банк қызметкерлері шот ашуға көмектеседі. Өтініш беруші оған жалдау құнының жартысын аударуы керек. Содан кейін «Отбасы банк» қалған 50%-ын қосып, жалпы соманың 100%-ын жалға берушінің шотына аударды. Ең бастысы, жалдамалы баспананы отбасылар өздері іздейді. Оның құнын есептеу кезінде бірнеше факторды ескеру қажет. Олар жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген

санаттарына төлемдер тағайындау және жүзеге асыру қағидаларында белгіленген. Құ-

P.S.

Технологияның дамығаны сол, қазір кез келген банк операциялары үйден шықпай-ақ орындалады. Тіпті, үй алуға арналған бағдарламаларға да банк ғимаратына бармай-ақ қатысуға болады.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

ТАЛАПТАР ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қала жастарына арналған, жеңілдікпен несиелендіретін «Алматы жастары» бағдарламасы биыл да жалғасын табады.

«Алматы жастары» қалалық бағдарламасы бойынша 2022 жылғы қабылдаудың басталу мерзімі, өтініштер мен құжаттарды қабылдау сайты, шарттары мен талаптары бойынша барлық ақпараттар Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасының сайты мен әлеуметтік желідегі парақшаларында көрсетіледі. Биылғы бағдарламаның аясында 1000 жас отбасын пәтермен қамту жоспарланып, қазір бұл бағытта әзірлік жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы, «Алматы жастары» – жастарға арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасы. Оның басты ерекшелігі – пайыздық мөлшерлемесінің төмендігі. Бағдарлама бойынша несиені қайтару мерзімі қарыз алушының төлем қабілеттілігіне қарай жеке есептеледі. 3 жылдан 25 жылға дейін созуға болады. Мәселен, 2020 жылы үй алуға берілетін қарыз 13 миллион теңгені құраса, оның мөлшері былтыр 18 миллионға артты. Егер өтініміңіз қабылданса, сіз оның 10 пайызын, яғни 1,8 миллион теңгені бастапқы жарна ретінде төлеп, 18 миллионға баспана іздей беруіңізге болады.

Бағдарламаның негізгі талаптары бастапқы калпында: Өтініш берушінің Алматыда кем дегенде 6 ай жұмыс өтілі болуы керек және онымен тұрақты түрде тұратын отбасы мүшелерінің атында соңғы 5 жылда Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында жылжымайтын мүлік болмауы керек. Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі жастар қатыса алады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Біздің елімізде ҚР-ның 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 486-V ҚРЗ «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңы негізінде құрылыс кезеңінде пәтер сатып алатын азаматтардың құқығы қорғалады.

Сондықтан үлестік құрылысқа қатысып, тұрғын үй жағдайын жақсарту мүмкіндігіне ие болыңыз! Пәтер сатып алу үшін байыпты шешім қабылдаңыз, әрі мұндай аса жауапты қадам жасау алдында міндетті түрде зерттеу жасаңыз. Бұл ретте сіздің ең бірінші қадамыңыз – құрылыс компаниясын таңдау.

Құрылыс салушы туралы ақпарат жинаңыз – ол көппәтерлі тұрғын үйлерді (КПТУ) қайда және қаншалықты сапалы тұрғызды, құрылысты салу мерзімін қаншалықты сақтады осыны анықтап алыңыз. Сосын, шаршы метрдің бағасын анықтаңыз. Ұсынылған бағаның қаладағы тұрғын үйдің шаршы метрінің орташа нарықтық құнынан едәуір төмен болуы барлық құжаттарды мұқият тексеруге негіз болады.

Пәтерлерді сату жөніндегі уәкілетті компанияның жарғылық капиталына жүз пайыз қатысу арқылы меншікті және (немесе) тартылған ақша есебінен көп пәтерлі тұрғын үйлердің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға ғана құрылыс салушы бола алатынын есте сақтаңыз.

Уәкілетті компания:

– мемлекет берген уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен немесе меншік құқығымен тиесілі жер учаскесі;

– кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысымен көппәтерлі тұрғын үй құрылысы жобасының жобалау-сметалық құжаттамасы болуы міндетті.

Занды немесе жеке тұлғалар тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін шарт жасасу мақсатында компаниядан ақпарат талап еткен жағдайда уәкілетті компания мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат беруге міндетті:

1) құрылыс салушының және уәкілетті компанияның атауы мен заңды мекенжайы туралы; 2) мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын анықтаманы;

ҮЙДЕН ҮМІТТІ БОЛСАҢЫЗ...

3) кепілдік шартының болуы туралы, Бірыңғай оператормен жасасқан және Бірыңғай оператордан кепілдік алу арқылы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру жағдайында оның негізгі шарттары;

4) екінші деңгейдегі банк жобасына қатысу арқылы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастырған жағдайда үлескерлерден ақша тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсатының болуы немесе көппәтерлі үйдің қаңқасы салынғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту тәсілі туралы;

5) құрылыс салушы өткізген көппәтерлі тұрғын үйлер құрылысы жобалары туралы;

6) құрылысы болжанатын көппәтерлі тұрғын үй құрылысы объектісі туралы;

7) уәкілетті компанияның жер учаскесіне тиісті құқығын растайтын құжаттың болуы туралы;

Мұндай құжаттарды зерттеу үшін арнайы білімі болмаған жағдайда осы салада тәжірибесі бар мамандарды тартқан дұрыс. **Құрылыс салушыны таңдау маңызды мәселе екенін ескеру керек.** Өйткені, сізге пәтер беру міндеттемесін құрылыс салушы көтереді. **Сіздің екінші қадамыңыз – үлестік құрылысқа қатысу шартын жасау.** Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жазбаша түрде жасалады және шарт заңның 12-бабында көзделген тәртіппен көппәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жеріндегі жергілікті атқарушы органда есепке қойған кезден бастап жасалған болып есептеледі. **Назар аударыңыз! Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі №345 бұйрығымен бекітілген.**

Сіз үшін маңызды: тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, уәкілетті компанияның ұсынуымен орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органда есепке алынуда тиіс.

Шарт egov.kz порталында есепке қойылғаннан кейін ғана құрылыс салушы (уәкілетті компания) сізден ақша алуға құқылы.

жат бойынша жалға берілетін тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы АЕК-тің жылдық деңгейі мен облыс немесе қаланың белгіленген коэффициенті негізінде қалыптасады. Сонымен бірге, ережелерде жалға берілетін үйдің немесе пәтер аумағының ең жоғарғы көлемі анықталған. Яғни 1–3 адамнан тұратын отбасы үшін тұрғын үйдің ауданы 40 шаршы метрден, 4–5 адамнан тұратын отбасы үшін тұрғын үйдің ауданы 60 шаршы метрден, ал саны 6 және одан да көп отбасы мүшелері үшін тұрғын үйдің ауданы 80 шаршы метрден аспауға тиіс. Егер тұрғын үй ауданы үлкен болса, онда жалға алушы айырмашылықты өз есебінен төлейді.

Мәселен, алматылықтар үшін баспананың бір шаршы метрінің құны 2759 теңге болып бекітілген. Тиісінше, үш адамнан тұратын отбасы шамамен 110 000 теңге тұратын жалдамалы баспана ала алады.

«Отбасы банкі» жалдамалы тұрғын үй субсидиясын жалдау шартының мерзімі аяқталғанша ай сайын төлеп отырады. Құжаттың күшін мерзімінен бұрын жоюға, сонымен бірге жаңа үй иесімен келісім-шарт құруға рұқсат етілген. Бұл жағдайда Otbasysbank.kz порталында өтініш беру процесі қайтадан жасалады.

Отбасы банк жыл сайын субсидия алушылардың шарттарға сай келуіне мониторинг жүргізіп, төлем тәртібін ай сайын қадағалап отырады. Ал жергілікті әкімдіктер жалдамалы үйлер мен онда тұрып жатқан азаматтарды кемінде тоқсанына бір рет тексереді. Айта кететін бір жайт, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер тағайындау және жүзеге асыру қағидалары бойынша жақын туыстардан және жұбайлардан, оның ішінде бұрынғы жұбайларынан және ерлі-зайыптылардың туыстарынан тұрғын үйді жалға алуға, сонымен бірге қайта жалға өткізуге тыйым салады.

Отбасының кейінгі 6 айдағы жиынтық табысы отбасының әр мүшесіне шаққанда 1 ең төменгі күнкөріс деңгейінен – 36 018 теңгеден аспауға тиіс.

Егер сіз жоғарыда аталған санаттардың біріне жататын болсаңыз, қол қусырып бос отырманыз, үй алуға әрекет етіңіз. Өйткені, әрекет түбі – берекет!

Абайлаңыз: «сұр схемалар»! Құрылыс салушылар үлестік құрылысқа қатысу шартын жасасудың орнына келесі заңсыз әрекеттерге баратын жағдайлар бар:

- инвестициялау шарты;
- бірлескен қызмет туралы шарт;
- үлестік құрылысқа қатысуға алдын ала жасалған келісім-шарты;
- әлі салынбаған (болашақта салынатын) жылжымайтын мүліктің алдын ала жасалған сату-сатып алу келісім-шарты;
- жоғарыда аталған келісім-шарттар бойынша қойылатын талаптар құқықтарына жол беру жөніндегі келісімдер.
- пәтерді брондау немесе брондау шарты және т.б.

Егер құрылыс салушы үлестік қатысу шартынан басқа қандай да бір шарт жасасуды ұсынса, мұндай құқықтық қатынастар заңсыз болып саналағанын және заң талаптарын бұза отырып жасалған барлық мәмілелер жарамсыз деп танылатынын есте сақтаңыз.

Сонымен, тек заң шеңберінде тұрғын үй сатып алу сіздің құқықтарыңыз бен мүдделеріңізді қорғауға кепіл болатынын ұмытпаңыз!

Маңызды тізім: үлескерлерден ақша тартуға рұқсаты бар тұрғын үй кешендері мыналар болып табылады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaign/about?lang=ru> және <https://almaty.uaign.kz/>

тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы толық ақпарат:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaign/activities/directions?lang=ru> және <https://almaty.uaign.kz/>

Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, сондай-ақ «сұр схема бойынша» пәтерлерді сату фактілері бойынша сұрақтарыңызды:

8 (727) 240-80-00; (ішкі: 221), телефоны және uaignkz@mail.ru эл. поштасы арқылы жолдай аласыздар.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025»

ӨЗ КӘСІБІН АШҚАН ЖАН

Тігінші Камал Нұрқаева бұрын «Жетісу» тігін фабрикасында жұмыс істеген. Сонау нарық алқымнан алған 90-жылдары қай жерде табыс көзі бар, сол жерлерді жағалап, бірнеше жерде жұмыс істеуге мәжбүр болды. Алматы базарларында аяқкиім де сатты, кәріс мейрамханасында аспаз да, құрылыс дүкенінде сатушы да болды, тіпті, банкте аға кассир болып та жұмыс істеді.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

– Банкте заңды тұлғалармен жұмыс істедім. Сонда күнделікті жұмыс барысында өз кәсібін ашқан жандарға қызыға қарай жүріп, бұл жолға қалай келгендері, неден бастағаны туралы сұрайтынмын. Күндердің күнінде менде де «жеке кәсібім болса екен» деген арман оянды. Кеңес сұраған адамдарым: «Жүрегіңіз нені қалайды, сонымен айналысыңыз, сонда жетістікке жетесіз, табысқа кенелесіз», – дейтін бір ауыздан. Жалпы, тігінге, ине-жіпке бала күнімнен жақын болдым. Өзіме ойымдағыдай әдемі блузка, шалбар тігіп киіп алатынмын. Әлі есімде, 1994 жылы екінші балама жүкті кезімде төркініме келген бір сапарымда, үйде жатқан дермантинді көзім шалды. Содан перзентханаға арналған жабдықтарды салуға ыңғайлы болатын алғашқы сөмкемді тігіп алдым. Әлгі сөмкемнің ерекше болып шыққаны соншалық, бір сәт «менің өз тігін фабрикам болса ғой» деп армандап кеткенім де бар, – деп күледі Камал.

Әлі де өз-өзін, жан қалауын таба алмай жүрген ол 2019 жылы жұмысынан шығып, тауар бизнесін қолға алады. Түнімен таргеттелген жарнамаларды орнатып, ал таң ата түскен өтінімдерді қарап, өндеп, тауарды курьерлер мен «Қазпошта» арқылы жөнелтіп отырды, арасында өзі де жеткізіп беретін. Бірақ пандемия салдарынан наурызда базарлардың есігі тарс жабылып, тауар бизнесі мүлдем тоқтап қалады.

– Үйде отырғанда әлеуметтік желілерден «Бастау бизнес» курсының басталғаны, одан кейін мемлекеттік бағдарлама бойынша 5 млн. теңгеге дейін грант алуға болатыны туралы ақпараттарды көзім шалды. Сосын «Qoldau» кәсіпкерлік орталығының қайда орналасқанын, өтінішті қалай беру керектігін, грант алу үшін қандай құжаттар қажет екенін зерттей бастадым. Орталықтың кеңесшілері бұл орайда маған үлкен көмек көрсетті. Мен бағдарламаның ереже-талаптарына сай курстан өтіп, білім

алдым. Оның алдында банк саласында, саудада істеген тәжірибем бар дегендей, қысқасы ешбір жұмысты қорсынбай, бәрін де атқара білгенім осы орайда маған көмекке келді десем де болады.

Иә, ол «Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша таза былғарыдан сөмкелер тігетін жеке цех ашуға 2,5 млн. теңге көлемінде инновациялық грантка ие болды.

Камал қолына тиген қаражатқа дереу былғары бұйымдарын тігуге арналған тігін машиналарын, арнайы киім пішуге лайықталып жасалған үлкен үстел және стеллаждар сатып алды. Былғарымен жұмыс істеу де үлкен шеберлікті талап етеді. Сондықтан ол А. Косыгин атындағы Ресей мемлекеттік университетінің былғары технологиясы кафедрасынан арнайы оқудан өтеді. Өз кәсібінің биік шыңына жету үшін ол әлі де ерінбей, жалықпай ізденуде. Енді әйгілі шебер Юрий Мельниковтен дәріс алуды көздеп жүр.

Бүгінде жеке кәсібін жолға қойып, аяғынан нық тұрып алған Камал Нұрқаева әйелдер мен ерлерге арналған сөмкелер, шопперлер, рюкзактар мен барсеткалар тігеді. Барлық өнім сапалы итальяндық былғарыдан жасалады. Камалдың айтуынша, ең күрделі тапсырыс қазақстандық белгілі әнші Жазира Байырбековадан түсіпті. Ол сәукелеге арналған тубус-сөмке, кешкі той көйлегіне арналған үлкен шоппер және құжаттар салуға қолайлы кросс-боди тіккен. Бұл жұмыстарға үш айы кеткен. Бәрі де көздің майын тауысарлықтай қолмен атқарылған. Бәрінен биіктігі 60 см. болатын сәукеленің әсіресе, ұзаққа созылатын гастрольдік сапарлар кезінде пішінін жоғалтпауы үшін қызмет ететін тубусты жасау қиынға соққанын мойындайды.

Қазіргі таңда Камал Нұрқаева цехында 3 жұмыс орнын ашуға дайын.

– Қарапайым тігіншілер көп, бірақ былғарымен жұмыс істейтін мамандар өте тапшы. Сондықтан мен қызметкерлерді алдымен өзім оқытатын боламын, – дейді ол.

Сондай-ақ, кәсіпкер елімізде былғары өнеркәсібін дамыту үшін мамандар даярлау орталығын ашуды ойластырып жүр. Міне, Үкімет қашанда халыққа, мемлекетке масыл болмай, түрлі әлеуметтік жәрдемақы, төлемдерге иек артып отыра бермей, көзін тауып, өз бетінше әрекет етіп, берекет табуға талпыну туралы үнемі айтады. Ал ниеттеніп, талаптанып, ықылас білдіргендерге осылайша әрқашан қолдау көрсетілуде.

БИЫЛ – БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

ӨНЕРЛІГЕ
ӨРІС КЕҢ

Алматыда 100 мыңға жуық бала 2 мыңға тарта спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге қатысады.

Алматы қаласында мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына нормативтік қаржыландыру қолданылады. Алматы қаласының әкімдігі қабылдаған барлық міндеттемелер толық көлемде орындалады.

Бүгінде мемлекеттік тапсырыспен 100 мыңға жуық балалар мен жасөспірімдер (спорт және шығармашылық) қамтылды, мемлекеттік тапсырыстарды орналастыруға 1763 спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелер тартылды. Сонымен қатар, уәкілетті орган – Мәдениет және спорт министрлігі қазіргі уақытта мемлекеттік тапсырыстың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

БАҒДАРШАМ

Таймерлер
ауыстырылуда

Алматыда бағдаршамның жану уақытын көрсететін 60 таймер ауыстырылып жатыр.



Биыл ақпан айының басында бағдаршам жанындағы таймерлер Алматы көшелерінен алынып тасталды. Шаһар әкімдігінің хабарлауынша, көше жабдықтарын ауыстыру жұмыстары «Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағдарламасы аясында 6 ай бойы жүргізіледі.

Оған қажетті қаражат бөлініп қойған. Қазірге дейін Достық – Абай; Сейфуллин – Гоголь; Абылай хан – Гоголь; Абылай хан – Қабанбай батыр; Абылай хан – Абай көшелерінің қиылысында жаяу жүргіншілерге арналған жаяу жүргінші жолақтары сызылып, жаңа бағдаршамдар қойылған.

Әкімшілік «Бұл шаралар, ең алдымен, жүріп-тұруы шектеулі адамдардың жолда кедергісіз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етеді», – деп түсініктеме берді.

Алматыда алғашқы таймерлер осыдан 12 жыл бұрын орнатылған.

Досбол АТАЖАН.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алаяқтардан
абайлаңыз!

Алаяқтар енді баспана бағдарламаларын торуылдай бастады. Қазіргі кезде елімізде «Қазақстанның орнықтылық қоры» атынан жалған кепілдік хаттарын қолданып жүрген алаяқтар көбейіп барады.

Осы орайда, «Қазақстанның орнықтылық қоры» тұрғындарға акционерлік қоғам басшысының қолы қойылған және Қордың мөрімен расталған жалған құжаттарды үшінші тұлғаларға тарату жағдайлары анықталғанын ескертіп отыр. Осы күнге дейін алаяқтар азаматтарға Қор атынан меншікке беру кепілдігі туралы және жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тіркеу туралы жалған кепілдік хаттар берумен айналысып келген. Осыған байланысты Қор өкілдігі қандай да бір кепілдік хаттарды берумен айналыспайтынын, «7-20-25» және Баспана хит» ипотекалық тұрғын үй бағдарламаларының операторы осы бағдарламалар аясында тек банктермен өзара қарым-қатынас жасайтынын ескертеді.

– Қор жеке тұлғалармен жұмыс істемейді, құрылыс саласына араласпайды және өз балансында жылжымайтын мүлік ұстамайды, – дейді «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ Аталмыш Қор азаматтарды қырағы болуға шақырды. Сұрақтар мен күдік туындаған жағдайда +7 (727) 227-20-25 нөмірі бойынша Қордың call-орталығына хабарласу қажет (оператормен қосылу үшін 0-ді теріңіз).

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ОЙ-ТАМЫЗЫҚ

Қанатыңыз талмасын...

Көбіміз соңғы уақыттары қу тіршіліктен бас алмаймыз. Күндіз-түні жұмыстамыз. Бір-бірімен жалғасып жатқан қым-қуыт тірлік. Арасында тынығып демалуды ойлаймыз. Дегенмен, кейде оған уақыт бөле алмай далмыз. Оның да өз шешімі бар. Біздер бірқатар ойларды талдап көрдік. Соның бірқаншасын назарларыңызға ұсынамыз.

Сүйікті ісіңізге жақындаңыз

Қытай елінің ұлы ойшылы Конфуций «Өзіңізге сүйікті іс тандаңыз, сонда өмір бойы жұмыс істемеген адам сияқты ғұмыр кешесіз» дейді. Философтың сөзінің жаны бар. Онымен толық келісуге болады.

Қазір не көп, тренниг, мотиваторлар көп. Тіпті, бір-бірін көріп, көз шалынады, құлақ жауыр болатын деңгейге де жетіп қаласыз. Сол себепті, Құң ұстаздың сөзіне бір сәт зер салған абзалырақ. Арада қаншама дәуірлер жылжыса да, өз құндылығын жоймады.

Көбіміз ой түбінде жүреміз. Бірді екіге, екіні үшке жалғағымыз келеді. Қайтсек, жеткіземін қағидасын ұстанамыз. Десек те, одан гөрі өзімізге көңіл аударған жөн. Егер мақсат айқын, атқарар ісіңізге нық сенім болса, қалғаны өз ретімен келмек. Бастысы, бағытыңыз айқын болсын. Бүгіндері бизнеспен шұғылданатындар көбейді.

Ол – жақсы-ақ. Дегенмен, кәсібін өрге домалату үшін де білім қажет. Оны сырттан емес, жүрек түкпірінен қараған



дұрыс. Анығы әркімнің өзіне ғана аян. Біреулер менеджер, маркетолог, енді бірі психологиялық жаттығулармен айналысады. Қысқаша айтқанда, жоспарлы қарекет ете білген жан жол таба алатыны айқын.

Көңіл шкаласы биік болсын!

Осы сөзді текке айтпадық. Әрдайым ұнжырғамызды құлатпайық. Бәрі шешіледі. Барлығы түзеледі. Осы алтын ойларды ақкөңіл ақын Аманхан Өлім ағамыз жиі айтатын еді. Қаламы қарымды журналист әрі ақынның сөзінде терең мән-мағына жатыр. Қарап тұрсаңыз өмір адам баласына бір-ақ рет берілген. Сондықтан қанатыңыз әрдайым талмасын.

ТҮЙІН: Халқымыздың «жақсы сөз – жарым ырыс» дейтін пәлсапалық сөзінен артық ешқандай теңеу жоқ. Осы арқылы әр уақытта еңсені биік ұста дегенді айтпақшы. Біз де аталы сөзге қосылоық деп тізгінді тарттық. Өзіне сенген жан асқаралы асуды бағындырады.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Жолдың жайын жүрген білер...

Шаһар көшелерінде жол жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жылда жүргізіледі. Әсіресе, «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында бұл жұмыс биыл да жалғасын табатыны анық. Бірақ дәл қазіргі уақытта қала шетіндегі жолдардың жайы сын көтермей тұр. Оған тұрғындардың төмендегі шағымдары дәлел.

АЛАТАУ АУДАНЫ

Жүруге емес, жүзуге болады



«Almaty aqshamy» газетінде «Теректі» шағынауданындағы жол мәселесіне қатысты сыни мақалалар аз шыққан жоқ. Кеше редакциямызға тағы да сол елдімекенге қарасты Белқараған көшесінің тұрғындары хабарласып, «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында жасалады деген көшелерінің әлі күнге дейін ешбір өзгеріссіз жатқанына өкпелі. «Жаңбыр жауған сайын ми-батпаққа айналатын жол мен жүріп әбден шаршадық» дейді олар.

– Біз жарық, су және газды өз қаражатымызға қостырдық. Әкімдіктен қайран жоқ болған соң, әркім өз көшесін өз күшімен жөндеп келе жатыр. Қаражат жинап көшемізге «сникерс» төседік. Қаладағы асфальт бетінен қырып тастаған құрғақ асфальтті са-тып алып, жайып шықтық. Бірақ мұндай істің нәтижесі ұзаққа бармайды екен. Дәл қазіргі уақыттағы жағдайымыз тіпті нашар. Қар еріп, жаңбыр себелеп жауғаны сол еді, көшемізбен жүру мүмкін болмай қалды. Лай-батпақ... шұрық-тесік жолдарға пайда болған көлшіктер. Көшемен көлікпен жүрсеңіз жол-да қалдырады, себебі ми-батпақтан омбылап жүре алмайды. Лай су үстіңе шашырап, киімнің түгі қалмайды. Қысқасын айтқан-да, біздің көшемен жүруге емес, жүзуге бола-ды. Бұл мәселе шешіле ме, жоқ па? Жанайқа-йымызды Сіздер арқылы құзырлы



орындардың назарына тағы да салғымыз келеді. Мәселені шешуге көмектеседі деп үміт-тенеміз, – дейді «теректілік» тұрғындар.

Тұрғындардың өтініші бойынша Алатау ауданы әкімдігіне хабарласқанымызда, олар «Теректі» шағынауданында орталық су құбы-ры әлі жүргізілмегенін айтып, мынадай жауап қайтарды: «Мәселені шешу үшін қазіргі уақытта Алматы қаласының энергия тиімділігі және инфрақұрылымдық даму басқармасы орталық сумен жабдықтау және кәріз желілерін салу жобасын әзірледі. Су құбыры желілерінің ұзындығы 44 шақырым, кәріз желілерінің ұзындығы – 32 шақырым-ды құрайтын құрылыс жұмыстары 2022 жылдың II тоқсанына жоспарланған. Құры-лыс нормалары мен жалпы пайдаланымдағы аумақты абаттандыру ережелеріне сәйкес асфальт жабынын төсеу немесе автокөлік пен жаяу жүргіншілердің ыңғайлы қозғалысы үшін жол-жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру орталық су құбыры және кәріз инженерлік желілерінің құрылысы аяқталғаннан кейін ғана жүргізіледі. Жол жөндеу жұмыстары барысында «Теректі» шағынауданының кө-шелерінде кешенді жұмыстар жүргізілетін болады. Онда автомобиль, жаяу жүргінші жолдарымен қатар арық желілері мен көшені жарықтандыру жүйесі қарастырылған».

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

4 жыл бұрын қазылған...



Дәл осындай аяқталмаған жұмыс Жетісу ауданында да жетіп-артылады. Мәселен, Л.Хамиди көшесінде (Пестковский мен Раскова көшелерінің арасы) 2018 жылы кәріз және сумен жабдықтау жұмыстары бастал-ған. Бірақ жұмыс әлі күнге нәтижесіз.

– Көшемізге коммуникациялар төселетін траншея қазылып, ол жерлерге су құбырын қосу үшін арнайы құбырлар жүргізілді. Бірақ одан кейін бұл жұмыс қайта қозғалған жоқ. Жұмыстарының жолы болсын, құбыр жүргі-земіз деп жап-жақсы көшеміздегі асфальт пен арық жүйесі бұзылып, жалғыз шам баға-насы алынып тасталды. Қазір біздің көшеміз шұңқыры көп, түні тастай қараңғы қауіпті көшеге айналды. Балаларымыз үшін алаң-даймыз. Көктемде бұл жермен жүруге де, өтуге де болмайды. Қол қусырып жатамыз ба, қауіпсіздік үшін жергілікті тұрғындар өз аулаларына кіру үшін шұңқырларды көміп тастады. 2021 жылы Л.Хамиди көшесінде Пестковский көшесінің төменгі жағына ас-фальт төседі. Ал бізде әлі де жол жоқ. Бір ай ішінде кәріз бен жаңа су құбырын қосуға уәде берген әкімдіктегілер қайта келмеді, – дейді Светлана Черноусова.


Қала тұрғынының шағымын Жетісу ауданының әкімдігі растап, былай деп жауап берді: «Бұрын құрылыс-монтаждау жұмыс-тары жүргізілген Пестковский көшесіне ас-фальт жабынын қалпына келтіру жұмыстары биыл шілде айының соңына дейін жүргізі-леді. Жол-құрылыс жұмыстарын «Алвис» ЖШС мердігерлік ұйымы қолға алады. Ны-санды тапсырғаннан кейін суға қосу туралы әрбір абонентке жеке хабарлама беріледі».

ТҰРКСІБ АУДАНЫ

Толарсақтан саз кешіп...

«Қайрат» ықшамауданының тұрғындары көшедегі батпақтан аяқ алып жүре алмай-тындарын айтып, редакциямызға хабарлас-ты. Тұрғындардың айтуынша, жаяу жүргінші түгілі, көліктің өзі әрең жүретін жол жұмыс-қа қатынауда қиындықтар тудырып отыр. «Бір кездері қалаға қосылдық, енді жағдайы-мыз жақсарады деп қуанып едік. Мегопо-листің орталығын жыл сайын асфальттап, бордюрін ауыстыра бергенше әкімдік қала шетіне де бір мезгіл көңіл бөліп қойса қай-теді? Алматыда тұрамыз деп айтудың өзі ұят. Әсіресе, балаларымызға қиын болып тұр. Сабакқа барудан қалды», – дейді олар.

Дәл осындай жағдай «Шаңырақ-1» ық-шамауданында да орын алууда. «Көліктеріміз батпаққа батып, аяккімімізден түк қалма-ды», – деп налыған тұрғындар құзырлы ор-гандардан көмек сұрап отыр.



НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Батпақты көше

«Ақжар» ықшамауданы мен «Шұғыла» тұрғын үй кешенінің тұрғындары батпақты көшенің көрінісіне көз үйрене бастағанын айтып, шағымдарын жеткізді.

– Біздің көше «Абай» ауылы арқылы қа-тынайтын жалғыз көше. Сондықтан көліктер көп жүреді. Осының салдарынан онсыз да батпақ болып жатқан жеріміз езіліп бітті. Көшеде жаяу-жүргіншілерге жүріп-тұру мүмкін емес, – дейді Сағыныш есімді тұр-ғын.

Ал «Тастыбұлақ» ықшамауданының тұр-ғындары әкімдіктің жақында ғана салған жолы жарамсыз болып қалғанын айтады.



– Аудан әкімі Санжар Тоғай жолды стан-дарттарға сай етіп саламыз деп уәде берген болатын. Алайда, арада аз ғана уақыт өтер-өтпестен жолымыз қайтадан бұрынғы қалпы-на түсті. Лай болып кетті. Балаларымыздың мектепке баруы қиындады, – деді Ләйла есімді тұрғын. Батпақты көше тұрғындары әкімдіктен мәселеге қатысты тиісті шара қолдануын сұрайды.

Жолымыз әлі жөнделмеді

«Қалқаман-2» ықшамауданының көше-леріне алдыңғы жылы кәріз және су құбыры төселіп, алайда жол жабыны қалпына келтірілмеген. Күн жылып, қар ерігеннің салдарынан көшелерде шұңқырлар пайда болып, тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғай-сыздық тудыруда:

– 1 жылдан аса уақыт өтті, жолымыз әлі жөнделмеді. Әкімдіктен талай рет сұрадық. Алайда, нәтиже жоқ. Жолымыз «котыр-ко-тыр» болып кетті. Көшеде көлікпен жүру мүмкін емес, – дейді Жарас Абылқасын есімді тұрғын.

Дәл осындай мәселе Коперник көшесі тұрғындарын да алаңдатууда. Олар жолдың шұңқырларынан бөлек, жолдың шеті де сы-нып, тұрғындарға қауіп төндіріп жатқанын айтады:

– Жолдың шетінде жаяу жүргіншілерге арналған арнайы жол жасалмаған. Ал көлік жүретін жолдың шеті сынып жатыр. Көлік-тер жанға қарай тайып кетеді ме деп, көше-мен қорқа-қорқа жүреміз, – дейді Сәбина есімді көше тұрғыны.



РЕДАКЦИЯДАН:

Әлеуметтік желілерде аудан әкімдіктері жүргізген жұмыстары туралы көпшілікке есеп беріп жатады. Сөздеріне қарап, қала шетіндегі көшелерді жарқырап тұрған сияқты елестететініміз рас. Ал шын мәнінде, шеткі елдімекендердің жайы жоғарыдағыдай. Суреттердегі батпақ көшелермен жүрсеңіз сіз де тайып құлап, мертігетініңіз анық көрініп-ақ тұр. Өкініштісі, бұл көшелерде шенеуніктердің ешқайсысы тұрмайды. Әйтпесе, мына жолдар баяғыда-ақ ретке келетін еді... Келісесіз бе?..

Бетті әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ӘУЕЗОВ – 125

Әуе толқынында –
«Абай жолы»Әсел
ДАҒЖАН

Көркем әдебиетті жақсы көретін аудиал адамдар үшін тамаша жаңалық. Биыл ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай, Қазақ радиосының әуе толқынынан «Абай жолы» роман-эпопеясының аудионұсқасы берілетін болды.

Аудиокітап форматындағы хабар наурыз айында басталып, қыркүйек айына дейін жалғасады. Бұл туралы «Қазақ радиолары» ЖШС Бас редакторы – «Қазақ радиосы» радиоарнасының директоры Дулат Абибуллаев өзінің facebook желісіндегі парақшасында жазды.

«Ұлы прозаик Мұхтар Әуезовтің дүниеге келгеніне биыл 125 жыл. Осыған орай тыңдаушыларға 2 наурыздан бастап «Абай жолы» роман-эпопеясын ұсынамыз. «Көкжиек» хабары

аптасына 7 күн, сағат 21.00-де эфирге шығады. Кітапты Қазақ радиосының белгілі дикторы Аманжан Серіков дыбыстатқан», – деді Д.Абибуллаев.

«Абай жолы» эпопеясы Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы, қазақ халқының тұңғыш эпопеясы. Ол 1942 жыл мен 1956 жылдар аралығында жазылып, жарыққа шықты. Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1949), «Абай жолының» тұтас

төрт томына Лениндік сыйлық (1959) берілген.

Бұған дейін Қазақ радиосының эфирінен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының аудионұсқасы, сондай-ақ, Тахауи Ахтановтың «Боран», Хамза Есенжановтың «Ақжайық», жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романдары оқылған болатын. Сонымен қатар, Президент оқуға ұсынған кітаптар тізіміндегі Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақ білек», Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», Қалихан Ысқақтың «Қоңыр күз еді», Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ», Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты», Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» еңбектері мен Т.Әлімқұловтің әңгімелері де аудиокітап форматында әуе толқынынан берілді.

ПАРЫЗ

ҚАЙСАРЛЫҚ

Алматылық дәрігер Зинура Қыдырбайқызына Ұлттық ұлан сарбаздары алғыс айта келді. Оған үлкен себеп бар.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

5 қаңтар. Дәрігердің жұмыс орны Төле би көшесіне жақын еді. Көше бойымен қолдарында қару, арматура, полицияның қалқаны мен каскасы бар, кімнің-кім екені белгісіз адамдар өтіп жатты. Бір кезде медициналық орталықтың қақпасынан форма киген 5 адам қарғып түсіп, 2-еуі әрі қарай кеткен, ал 3-еуі ғимараттың ішіне кіріп, дәрігерлерден көмек сұраған. Олар Ұлттық ұланның өрімдей сарбаздары екен. Сондарынан бір топ адам қуып келе жатқанын, жаракат алғандарын айтқан. Жауынгерлерді дереу 4-қабаттағы ота жасау бөліміне жасырады. Артынша әскерилерді іздеген 40–50 адам клиникаға баса-көктеп кіріп келген. «Жоқ іздеушілер» кіре сала, кабинеттердің есіктерін сындырып, «әскерилерді қайда тығып отырсындар» деп іздей бастаған. Бұзақылар ары-бері жүгіріп жүріп, бір сарбазды тауып алады. Сол сәтте

Зинура қатты қорқып тұрса да: «Бұл – жас бала ғой, сарбаз. Өздеріңнің де осындай бауырларың бар шығар, оған тиіспендер!», – деп қалайша қатты-қатты сөйлеп жібергенін байқамай қалады. Араларындағы біреуі «жас бала екен, тиіспендер» деп, артынша бәрі шығып кеткен. Олар кеткен соң да, «қайтып келе ме» деп қауіптеніп, жарты сағатқа дейін демдерін ішіне тартып, қозғалмай отырған. Сосын барып сарбаздардың қасына барып жараларын таңып, медициналық көмек көрсете бастаған. Біреуінің аяғы сынған, біреуінің басы жарылған екен.

– Бұл оқиғаны естіген адамдар «үлкен ерлік жасапсың» деп жатыр. Мен бұл ісімді ерлік деп санаймын. Мұндай жағдайда әрбір саналы азамат осылай істер еді. Енді мұндай күндер қайталанбасын деп тілеймін. Елімізде тыныштық болсын! – дейді «Керуен-Medicus» медицина орталығының директоры Зинура Сапабекова жауынгерлер ұсынған гүл шоғын алып тұрып.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Қойма табылды

Досбол
АТАЖАН

Алматы маңында полицейлер қаңтардағы тәртіпсіздік кезінде ұрланған қару-жарақ қоймасын тауып, үш адам ұсталды. Бұл туралы Алматы қалалық полиция департаменті бастығының тергеу жөніндегі орынбасары Рустам Әбдірахманов мәлімдеді.



Заңсыз қару-жарақ қоймасы Қарасай ауданы аумағында табылды. 1993, 1994 және 1996 жылы туған үш ер адам ұсталды. Олар ағымдағы

жылдың 5 қаңтарына қараған түні «Камерад» қару-жарақ дүкенін тонауға қатысқандығы анықталды.

Күдіктілер үйдің ау-

ласына үш винтовка және үш тегіс ұңғылы мылтық, гильзалар, аңшылық құралдар жинақталған чемодан мен сөмкелерді көмген. Аталмыш қару-жарақтың барлығын ұсталғандар араларындағы біреуінің үй ауласындағы құмға көміп кеткен.

Күдіктілердің барлығы кінәсін мойындап, қылмысты қалай жасағанын айтып берді. Осыған ұқсас қылмыстарға бұл азаматтардың қатысы бар-жоғы анықталып жатыр.

Ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына қамалды. Тергеу барысы Алматы Полиция департаментінің тікелей бақылауына алынды.

ЗАҢ



Заң күшейді

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жануарға қатыгездік деп жануардың өліміне, жарақаттануына немесе денсаулығына өзге де зиян келтіруге әкеп соқтырған немесе соқтыруы мүмкін қасақана әрекетті айтады.

Жануарларға қатыгездік жасағаны және соған шақырғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Мысалы, Қылмыстық кодекстің 316-бабында жануарға зиян келтіретін қатыгездік жасаған адамға 120 АЕК (367 560 теңге) мөлшерінде айыппұл салу, 120 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 30 тәулікке дейін қамауға алу көзделген.

Қатыгездік нәтижесінде жануар өлсе, онда мұндай әрекет үшін 200 АЕК (612 600 теңге) мөлшерінде айыппұл салу, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартуға, 1 жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазым-

ды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы бар.

Қылмыстық әрекет белгілеріңсіз жануарларға қатыгездік жасаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бұл жағдайда жеке тұлғаларға 5 АЕК (15 315 теңге), лауазымды тұлғаларға 10 АЕК (30 630 теңге) көлемінде айыппұл салынады.

Қайталанатын әрекеттер үшін айыппұл 4 есеге көбейеді.

Заң мынадай принциптерге негізделген: – жануарларға ауру мен физикалық азапты сезетін тіршілік иесі ретінде қарау; – иесінің жануардың өмірі, денсаулығы және амандығы үшін жеке жауапкершілігі; – жануарға қатыгездікпен қараудан қорғау; – адамдарды жануарларға адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу.

1 наурыздан бастап Қазақстанда «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң күшіне енді.

БОКС

БІЗДІҢ ЧЕМПИОН

Досбол
АТАЖАН

Геннадий Головкин алдағы жекпе-жегіне дайындықты бастап, алғашқы жаттығуын өткізді.

IBF және IBO тұжырымдары бойынша орта салмақ дәрежесіндегі әлем чемпионы әлеуметтік желідегі өз парақшасында: «Спарринг кезеңінің бірінші күні өз мәресіне жетті, біз әрі қарай жаттығуды жалғастырамыз», – деп жазды.

Отандасымыз 9 сәуір күні WBA super белдігінің иегері Риота Муратамен жұдырықтасады. Кездесу Геннадий қарсыласының отаны Токио қаласында орналасқан «Сайтама» спорт кешенінде өтеді.

ПАРАЛИМПИАДА

Алау эстафетасы басталды

Бейжіңде 2022 жылғы қысқы Паралимпиада ойындарына арналған Алау эстафетасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Паралимпиада алауы алдымен Лондондағы Сток-Мандевиль стадионында 1 наурыз күні жағылған болатын. Эстафетаны бастаған алау ұстаушы мүгедектер арбасындағы керлингтен екі паралимпиада жүлдегері болды.

Символдық алау онлайн форматта Лондоннан Бейжіңге жіберілді. Келесі күні Бейжің, Яньцин және Чжанцзякоу жарыс қалашықтарында жекелей алау жағылып, Қытай астанасындағы Аспан



гибадатханасында (Тяньтань) бір отқа біріктірілді. Бұл жерден эстафета басталып, жұма күнге дейін жалғасады.

Ертең алау эстафетасы мәресіне жетіп, «Құс ұясы» ұлттық стадионында паралимпиадалық ақырғы алау жағылады. Бұл шара 2022 жылғы Бейжіңдегі қысқы Паралимпиада ойындарының ресми басталғанын білдіреді. Жалпы 3 күнде барлығы 600-ге жуық алаугер қатысады.

XIII қысқы Паралимпиада ойындары 4–13 наурыз күндері өтеді. Оған 50 елден 700-ден астам спортшы қатысады. Барлығы қысқы спорттың алты түрінен 78 түрлі жарыс өтеді. Қазақстанның паралимпиада құрамасына бес спортшы кірді. Олар шаңғы жарысында және биатлонда бақ сынаиды.

ВЕЛОТРЕК

Жеңімпаздар анықталды



Велоспорттың темптік және спринттік түрлерінен жасөспірімдер мен ересектер арасындағы біріншілік мәресіне жетті. Жарыс «Сарыарқа» спорт кешенінде ұйымдастырылды.

Ел чемпионатына Қазақстанның 13 аймағынан 152 спортшы қатысып, өнер көрсетті. Біріншілік нәтижесі келесідей болды: Мэдисоннан топтық бәсекеде Рамис Дінмұхамедов пен Дмитрий Потапенко, әйелдер арасында Светлана Пашенко мен Анжела Соловьева жеңіске жетті; кейрин бойынша ерлер арасында Андрей Чугай алғашқы болды; спринтте Сергей Пономарев көш бастады.

Рамис Дінмұхамедов, Әлішер Жұмақан, Дмитрий Носков және Дмитрий Потапенко із кесуден топтық жарыстың чемпиондары атанды. Ал Бота Батырбекова, Вероника Мырксина, Светлана Пашенко, Фаина Потапова әйелдер арасында үздік болды. Осы жарыстың жекелей сынында Әлішер Жұмақан мен Марина Кузьмина алтын алды.

ТЕННИС

Қазақстан Норвегиямен кездеседі

Дэвис кубогының финалдық кезеңіне өту үшін теннистен Қазақстан құрамасы Норвегия спортшыларымен кездеседі.

Іріктеу кезеңінің шешуші жарысы Норвегия астанасы Осло қаласында, Oslo Tennisaena спорт кешенінде өтеді. Біздің құрамадан Михаил Кукушкин, Андрей Голубев, Александр Недовесов, Дмитрий Попко және Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик өнер көрсетеді. Бұл ойын екі ел спортшылар үшін Дэвис кубогы аясында алғашқы кездесу болмақ.

Әр ойын үш сетке созылып, құрамалар төрт жекелей сында және бір жұптық матчта бақ сынаиды. Кездесу жеңімпазы осы жылдың қыркүйек айында өтетін Дэвис кубогының шешуші кезеңіне жолдама алады.

Құрама спортшысы Михаил Кукушкин «Ослодағы ойынға толық дайынбыз. Команда дайындығы жақсы. Біздің жігіттер Норвегиямен ойынға нағыз бабында бармақшы. Ешкімде жарақат жоқ. Жеңіске жетіп, жанкүйерлерімізді қуантатынымызға сенеміз», – деп пікір білдірді.

1928 жылдан бері Дэвис кубогына қатысып келе жатқан норвегиялықтар 2019 жылдан бері жаңа форматтағы тур-



нирдің финалына жолдама ала алмай келеді. Бүгінгі күні Норвегия құрамасы кубок рейтингінде 39-ыншы орында тұр.

Оқырман назарына: 4 наурыз күні екі жекелей кездесу өтеді. Ойын елорда уақыты бойынша 23.00-де басталады. Келесі күні теннисшілер жекелей және жұптық сында бақ сынаиды. Бұл ойынның уақыты 19.00-ге жоспарланған.

ТАҢҒАЖАЙЫП АДАМДАР ӨМІРІ



«АЛТЫН ДОПТЫҢ ТҰҢҒЫШ ИЕСІ»

Жаһан ғажайыпқа толы. Оны жасай-тындар – қарапайым жандар. Өздерінің айрықша ынтасының арқасында олар миллиондардың жүрегінен жаулаған жұлдызға айналады.

Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ

Әлемде өз күшімен биік белесті бағындырғандар аз емес. Мұндай жандар өзінің айқын мақсаты арқылы көпшілікке өздерін дәлелдейді. Дүние қызыққа толы. Оны қызық ететін де – адам. Сондай жанның бірі – аргентиналық Марадона. Бұл жолы дүние жүзіне атағы шыққан даңқты футболшы жайлы сыр шертеміз.

• Диего Марадона өте кедей отбасында дүниеге келді. Ол жанұяда бесінші перзент. Ата-анасы қарапайым шаруа адамдары болды. Бірде оған жиен ағасы доп тарту етті. Нақ сол кезде оның жасы 7-де болатын. Міне, сол кезден бастап, қайда жүрсе де допты жанынан тастамады. Тіпті жатарда да құшағында ұстады.

• Марадона ойнаған команда өздерін биік сезінетін. Ол сол кездегі күш-қуатымен қазіргі заманның футболына әкелсе де, басқаларға дес бермейтін еді. Марадона өзінің керемет дриблингімен, сондай аласа бойымен өзін алаңда еркін сезінетін, қарсыластары қанша құлаққысы келсе де, өзінің шыныққан денесімен басып өтіп кететін. Марадона аса мықты бомбардир емес, бірақ оның әр салған голы маңызды және ойынды шешіп отырған.

• Небәрі 10 жасында Аргентинаның «Лос Себолитос» деп аталатын балалар клубына мүшелікке өтеді. Диего футбол королі Пеле секілді алаңға ырымдап 10 нөмірлі футболкамен шықты. Спорттың осы саласына құмартқандығы соншалық, 14 жасында оқуын жалғастырудан бас тартып, уақытының барлығын футболға бөлді.

• 1986 жылғы Мексикадағы жарыста Аргентинаның жеңісі Диего Марадонаның есімімен тікелей қатысты. «Бір ғана актердің театры» атанып кеткен чемпионатта Марадонаның құрамасына тигізген пайдасы ұшан-теңіз. Жеті матчта қарсыластарының қақпасына бес доп салды. Осылайша құбылыс жасады деуге болады.

• Әйгілі футболшы – аты аңызға айналған тұлға. Оның қатысқан матчтары қызық болғандығы сонша, тіпті жанкүйерлердің бір-бірімен төбелесіне алып келетін. Сондай-ақ, «Алтын доптың тұңғыш иесі» атанды. Сөйтіп, «Сан Диего» деген лақап атты иеленді, мағынасы – әулие Диего. Бүгінгі күнге дейін күллі әлемнің алдында сүйікті футболшы атағымен тарихта қалды.

P.S. Егер атақ пен мансапқа қол жеткізгендер өмірбаянын оқысаңыз, олардың зор ынталы жандар екенін байқайсыз. Ұлы арманға ұмтылғандар – мақсаты аса мықтылар. Алға ұмтылыңыз, жас өрен! Бәлкім, дүние жүзін тамсандыратын келесі жұлдыз сіз шығарсыз?! Талпынған жетер мұратқа!



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

– Дариха апай, көпбалалы болудың сыры неде?

– Е-е, қарағым, сауалды төтесінен қойдың. Күйеуім екеуіміз 9 баланы тәрбиелеп өсірдік. Қанаттыға қақтырмадық. Тұмсықтыға шоқтырмадық. Қолдан келгенше мәпелеуге тырыстық. Біз кеңес дәуірінің адамдарымыз. Азшылықты сезіндік. Тоқшылықтың да бел ортасындамыз. Тәубе! Жаратқан көп көрмесін. Шалым табыскер болған соң ба, баланы шектемедік. Жас шағымызда ағайын-тума үйге көп келетін. Қара шаңырақ еді. Бәлкім, сондықтан келіп-кететіндер үзілмеген шығар. Бір жағы ас-ауқат табиғи болды. Айран-сүт, күрт-май, киіктің етіне дейін болды. Енем бала күтуіме қарасты. Қызметкер жұбайымыз совхоздың директорлығына дейін көтерілді. Кейін кәсіппен айналысты. Былайша айтқанда, жағдай болып тұрды. Дегенмен, бәрі болды екен демей, қатал енеге төзіп, ауылдың тіршілігін бір кісідей кештік.

– Сіз денсаулығыңыздың қиындығына қарамастан екі рет егіз тапқан екенсіз, тарқатып айтсаңыз?

– Иә, рас, қарағым. Енем қаталдау кісі еді. Жалпы, сол кезеңнің тәртібі солай ғой. Келін күнімізден үлкен кісілерге қарап, бабын жасаудан айнабадық. Мен екінші баламда көп қан жоғалттым. Дәрігерлер маған бала көтеруге тыйым салды. Қысқасы, «өлесің» деді. Көрші Алғабас ауылында босандым. Қазіргідей перзентхана жоқ. 70-жылдар болатын. Сөйтіп, босанып, 3-4 күн сонда боламыз, үйге келіп тірлікке кірісеміз. «Тума» дегенге қараймыз ба?

Еліміздің демографиясында өсу байқалады. Жыл сайын егіз, үшем, тіпті төртөмдер дүние есігін ашуда. Туу көрсеткішінің артып жатқаны көңіл қуантады. Мұның бәрі алтын құрсақ аналардың арқасы. Осы орайда егіздерді екі мәрте дүниеге әкелген «Алтын алқа» иегері Дариха Молдағалиқызымен әңгімелескен едік.

Бала өз несібесін
ала келеді

Содан кейін 7 балалы-шағалы болдық. Осылайша екі егіз ұл, екі егіз қызды дүниеге әкелдік. Тәубе!

Қауын қора түбінде, далада босанып, 15-16 баланы дүниеге әкелген, ашаршылықты, соғысты көрген аналардың қасында салыстыруға келмейді ғой...

– Қазіргі жас отбасыларға қандай ақыл-кеңес айтасыз?

– Шырағым, бәрі де аман-болсын! Қазір біреуге ақыл айтатын заман емес. Ондайды көтере бермейді. Елде «үйдегі көңіл күйді базардағы нарық бұзады» дейді. Бұрынғылар барлығын біліп айтқан. Қазақтың сөзінің баршасы рас. Баяғыда ауылдық жерде өмір сүрдік. Қойшының қызы болдық. Жұмыс таңдамадық. 5 інім бар демедім, әкемнің жанында жүрдім. Жәрдемшісі едім. Құдайдан ішпейтін, шекпейтін, жақсы адам кездесуін тілеп жүрдік. 18 жасымда осы

шаңыраққа келін атандым. Қайныларым, қайынсіңлім жақсы болды. Обалы не керек, шалым екеуіміз тату-тәтті ғұмыр кештік. О кісілердің әруағы разы болсын. Ендігі мақсат – 3 бойдақ баламның тойын көрсем деймін. Бұлар да есейді. Үйленер шаққа жетті.

Бұрын қалай көпбалалы болғанымызға таңданам. Қазіргі келіндер босана алмай қиналғанда мен де толғатып шығам. Уайымдаймын. Бір жағынан, о заман мен бұ заманды салыстыруға келмес. Сонда да, ер-азаматты құрметтеп, дүниеге перзентті көбірек әкелген абзал. Әр әйел өзі үшін босанады. Сол балаларды жақсылап тәрбиелесе, ертең үй-жай болғанда қыдырып жүреді. Үлкен әулетке айналады. Елге ел қосылса құт болмақ. Тілегім – ел-жұрт аман болсын. Әр жанұя өсіріп отырған ұл-қызының қызығын көрсін!

– Әңгімеңізге рахмет!

ДЕНСАУЛЫҚ



14-інші бала

Алматылық Елена Бородюк 14-інші баласын өмірге әкелді.

«Біз Құдайдың берген баласын қуана қабылдаймыз. Сондықтан бүгінде үлкен отбасы болып отырмыз. Қазір тұңғышымызның өзі әке атануға дайындалып жүр. Не болса да, ең бастысы, басымыз аман, бауырымыз бүтін болғай», – дейді 7 ұл мен 7 қыздың анасы, 44 жастағы Е.Бородюк.

Ол сәбиін Алматы қалалық Перинаталдық орталығында босанды. Қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы өкілдерінің хабарлауынша, әйелде қан кету қаупі аса жоғары болғандықтан, бір бригада түгел атсалысқан. Сөйтіп, жарық дүниеге салмағы 4 келіден асатын, бойы 55 см. қыз бала дүниеге келді. «Қазір көпбалалы ананың да, бөбектің де жағдайы жақсы», – дейді мамандар.

АЛҒЫС

Қуаныш



Алматылық тұрғын айы-күні жақындаған жұбайының перзентханаға уақытында жетуіне сеп болған полицияға алғысын білдірді.

Келіншегінің толғағы басталып, дереу жолға шыққанымен, көліктердің кептелісінде жіпсіз байланып қалған жігіт амалсыз тәртіп сақшыларынан көмек сұрапты. Олардың көлігінің соңынан ілесіп отырып, перзентханаға бас-аяғы 20 минутта-ақ жеткен.

«2311 нөмірлі Hyundai Ellantra көлігін тізгіндеген полиция қызметкеріне алғысымды айтамын! Есім шығып жүріп, атын да сұрамаппын. Толғақ қысып жатқан келіншегімді перзентханаға апара жатқанымды, бірақ жете алар түрім жоғын айтып, жәрдем сұрап едім, бірден келісті. Енді, міне, тұңғышымызды қолыма алып, қуанышым қойныма сыймай тұр», – деп бөлісті сезімін жас әке Зекир Шерипов.

Дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Дәрігерлер дабыл қағуда

ГЕРМАНИЯ жерінде ковид қайта күш алды. Кейінгі тәуліктерде вирус 200 мыңнан астам адамнан анықталған. Дәрігерлер бұл көрсеткіш алдағы күндері бұдан да асып түсуі мүмкін деп дабыл қағуда. Өйткені, экспресс-тест «омикрон» штамын дұрыс анықтай алмауы мүмкін көрінеді.

ГОНКОНГ та қиын жағдайда тұр, індет белең алған. Арнайы әкімшілік аймақта кейінгі бір тәулікте 10 мыңнан аса адамнан ковид анықталған. Осы наурызда КВИ жұқтыратындар саны бұдан да асуы мүмкін дейді олар. Енді жергілікті билік аймақта тағы 5 емдеу орталығын салуды көздеп отыр.

ЕУРООДАҚ 12 жастан жоғарыға қарайғы жасөспірімдерге арналған «Comirnaty» вакцинасының үдеткіш дозасын мақұлдады. Сонымен қатар, Еуропалық дәрі-дәрмектер агенттігі 6–11 жас аралығындағы балаларды «Moderna» компаниясының «Spikevax» препаратымен вакциналау туралы өтінішін мақұлдауды ұсынып отыр.



НЬЮ-ДЕЛИ билігі коронавирус шектеулерін алып тастады. Қалада коменданттық сағат тоқтатылды. Сондай-ақ, бетперде таппағаны үшін салынатын айыппұл мөлшері 1000-нан 500-ге дейін төмендетіледі. Енді Нью-Дели мектептерінде күндізгі оқу 1 сәуірден қайта басталады.

ИТАЛИЯ да карантиндік шектеу шараларын жеңілдетте бастады. Атап айтқанда, елде қоғамдық орындарға бару үшін қажет болатын вакцина-паспортын кезең-кезеңімен алып тастау жоспарлануда. Бұл жәрмеңкелер, спорттық іс-шаралар, фестивальдер мен шоуларды қоса алғанда, ашық аспан астындағы бұқаралық іс-шараларға қатысушыларға қатысты.

АҚШ билігі вакцина салдыру мерзімінің аралығын ұзартты. Жергілікті мамандар 12 жастан асқандарға ковид екпесінің екінші дозасын 8 аптадан кейін алуға кеңес береді. Осыған дейін бірінші және екінші дозаның аралығы 3-4 апта болатын. Мұндай өзгеріс «Pfizer» және «Moderna» компанияларының препаратына қатысты. Жаңа зерттеулердің нәтижесі екі дозаның арасы ұзактау болса, ковидке қарсы тиімділігі жоғары болатынын көрсеткен.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ



Әсел
ДАҒЖАН

Егер дәл қазір сізден «қандай сезімдесің, не сезініп тұрсың» деп сұраса, ішкі сезіміңіз бен эмоцияңызды дөп басып айтып бере аласыз ба? Ойланyp көріңізші...

Қазіргі заман адамдарының басым көпшілігі өзінің ішкі сезімін, көңіл күйі мен эмоциясын айтып бере алмайды екен. Бұл біздегі эмоционалды интеллектің деңгейін көрсетеді. Ал соңғы жылдары мамандар адамның жетістікке жетуіне интеллект немесе IQ деңгейінің жоғарылығы емес, осы эмоционалды интеллект – EQ жоғары болуы әсер етеді деген тұжырымға келген.

Эмоционалды интеллект – жетістік кепілі

Профессор Альберт Мейерабианның зерттеулері эмоциялар мен сезімдердің 7%-ы сөзбен, 38%-ы дауыс үнімен және 55%-ы дене тілімен берілетіндігін көрсеткен. Бұл адамның іс жүзінде сезінетін эмоциялары мен сезімдерінің 93% -ы ауызша емес түрде берілетіндігін көрсетіп берген.

90-жылдардың ортасында Дэниел Гоулманның «Эмоционалды интеллект: IQ-дан да маңызды» атты психологиялық бестселлері жарық көрді. Белгілі журналистің зерттеу еңбегі көпшілікке ой салды. Ол кітабында ересектер мен балаларды бірге зерттейді. Нәтижесінде ол баланың қандай отбасында тәрбиеленгені, мектепте, университетте алған бағасы үлкен өмірге сүйеу бола алмайтынын көрсеткен. Адамның қоршаған ортамен байланысы, эмоциясын игере алуы болашағына кепіл бола алатынын жазған.

Мамандар EQ адамдарға туа берілетін қасиет еместігін айтады. Дегенмен, ата-ананың эмоционалдық деңгейі балаларға қатты әсер ететін көрінеді. Демек, EQ-ді біз тәрбие-

леуімізге, үйренуімізге, үйретуімізге болады. EQ-ді қарапайым адам қалай түсінсе болады? Белгілі бір проблемалық жағдайда эмоцияның барлығын жан-жаққа шашпай, ашу-ызаға берілмей, бірақ өз дегенінді жасай алу, ойынды жүйелі түрде жеткізе алуың және сол конфликті жағдайға дұрыс нүктесін қоюың. «EQ мынау нәрсе деп дөп басып айтатын дүние емес, ол – кәдімгі дағдылардың жиынтығы» дейді мамандар. Шетелдік үлкен фирмалар өзінің қызметкерлерін алдымен EQ бойынша тексеріп, сол бағытта жұмыс жасайтын көрінеді. Себебі, ондай қызметкерлердің еңбек өнімділігі жоғары, нәтижелі болады екен.

EQ индикаторы бойынша эмоциялық интеллекті төмен екенін қалай білуге болады? Бірінші фактор – адамның өз-өзіне және өз іс-әрекетіне сенімсіздігі. Екіншісі – өзін-өзі шамадан тыс сынауға бейім болу. Үшіншісі – қоршаған ортамен тіл табыса білмеуі. Эмоциялық ойлауы төмен адамда басқалармен қарым-қатынас орнату қиынға түседі. Жаңа ор-



Зерттеу нәтижелері бойынша, адамның жетістігінің 80%-ы – эмоционалды интеллектке байланысты. EQ – ол уақытты дұрыс ұйымдастыру, маңызды іске басымдық беру, тиісті шешім қабылдай білу және қарым-қатынастарды басқару сияқты процестер.

Давоста Дүниежүзілік экономикалық форумда алғаш рет 10 SoftSkills, яғни жұмсақ қабілеттер тұжырымдалады. Онда мамандар жаңа он жылдықта қызметкерге қажет болатын қабілеттердің арасына осы эмоцияларды басқара білуді де кіргізген.



МАМАН ПІКІРІ

Шұғыла ДУАНАЕВА,
психолог:

Эмоционалды интеллект – адамдармен қарым-қатынас құруда жақсы мәміле жасай алу, өзінің эмоциясын түсіну, басқару және дәл сол сияқты өзге адамның да эмоциясын түсіну. Адам баласы қоғамда өмір сүргендіктен, оның жетістікке жетуі де – қоғамдық процесс. Сондықтан адамдардың арасында түрлі конфликті жағдайлар, әртүрлі кикілжіңдер болады. Мәмілені дұрыс жасай алмайтын сәттер болады. Сондай кезде қалыпты интеллект деңгейіңіз сізді сол қиын жағдайдан алып шыға алмауы мүмкін. Мәселен, сіз керемет физик немесе математиксіз делік. Бірақ адамдармен қарым-қатынас құра алмауыңыз мүмкін не олармен тиімді байланыс, тиімді коммуникация жасай алмайсыз. Ойындығыз дәлелдеп, жеткізе алмауыңыз мүмкін. Осы жерде EQ-дің приоритеті жоғарылай бастайды. EQ-ді өмірде қай жерде қолданамыз десеніз, ол – қарым-қатынаста. Қарым-қатынасты жақсы деңгейде ұстап тұру және өз жетістігіңе де жету, сонымен қатар өзге адамды да минуса кіргізіп жібермеу. Ел алдында жүрген көпшілікке танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері EQ деңгейін дамыту бағытында жұмыс жасайды. EQ дипломатиялық шеберлікке де әсер етеді.



EQ деңгейі дамыған адам қай салада жүрсе де, сол салада жетістікке жетеді. Өйткені, ол қарым-қатынасты жеңіл жасай алады, проблемалардың оңтайлы жолын таба алады, стратегиялық, критикалық ойлау деңгейі де жақсы. EQ дамыту үшін алдымен өзінің сезімдеріне ие болу, әр сезімнің астында не жатқанын түсіну, яғни ақыл мен сезімнің байланысатын нүктесін табу қажет.

тада араласып кете алмайды. Айналасындағы әрекеттерге тез арада жауап қатпайды.

Тұлғалық даму саласының маманы Джил Хэссон «Эмоционалды интеллекті дамыту» атты еңбегінде: «Эмоционалды интеллекттегі ең маңыздысы – позитивті ойлау» дейді. Неге? Себебі, эмоционалды интеллект эмоциялар мен жағдайларды позитивті, оптимистік, конструктивті түрде басқарумен және кез келген эмоцияның жағымды мағынасын түсінумен байланысты.

«Қалай және не ойлайтыныңызды жақсы түсінуге тырысыңыз» дейді автор. «Көбінесе біз өзіміздің негативті, теріс ойларымызды байқамаймыз. Егер бір негативті ойда отырғаныңызды байқасаңыз, дереу «бірақ» деген сөз қосып, ары қарай жақсы ой ойлаңыз, болмаса әрбір негативтен позитив табуға тырысыңыз».

Эмоционалды интеллектідегі маңызды нәрсенің бірі – осы жерде, осы сәтте қандай эмоцияда отырғаныңызды білу, сезіне алу. Екінші, ол сезімге не түрткі болды, себеп-салдарлық байланысын білу. Одан соң эмпатия қабілеті – өзгелердің эмоциясын түсіну, тану. Кейбіреулер мұны аяушылық, есіркеумен шатастырып жатады. Бірақ олар екі түрлі нәрсе.

Ең қуанарлығы, бұл қабілетті адам кез келген жаста дамыта алады.

БІРЕГЕЙ НӘТИЖЕ!

Қазақстандық биотехнолог

1 типті қант диабетін емдеуге арналған бірегей жасушаларды ойлап тапты



Досбол
АТАЖАН

ҚР БҒМ Молекулалық биология және биохимия институтының қызметкері, ғалым Бақытжан Әлжанұлы геномды редакциялау көмегімен 1 типті қант диабетін емдеуге арналған бірегей жасушаларды ойлап тапты.



Бұл жасушаларды трансплантациялау ұйқы безіне инсулин өндіруге ғана емес, сонымен бірге оның денедегі деңгейін өз бетінше реттеуге мүмкіндік береді. Болашақта осы құрылым науқас пациенттердің безіне трансплантацияланады.

«Біздің бұл әдісіміз бірегей болып есептеледі. Жасуша геномын өңдеу үшін қолданыла-

тын CRISPR технологиясын пайдалана отырып, біз инсулин синтезіне жауап беретін ұйқы безінің жаңа жасушалық тізбегін жасадық. Нақты түсіндіріп өтсем, алынған жасушалар ерекше сипатқа ие, яғни жасушаның әсерінен олар инсулин деңгейін жоғарылатуы немесе оны төмендетуі мүмкін. Бұл – әлемде алғаш рет ойлап табылған әдіс. Негізгі мақсатымыз 1 типті қант диабетін емдеудің заманауи тәсілдерін табу болды. Атап айтқанда, өзінің табиғи инсулинін шығаратын жасушалық терапияны табу болды», – деп айтты Әлжанұлы.

Бүгінгі таңда әлемде 1 типті қант диабетін емдеу әдісі жоқ, пациенттер тек инсулин терапиясы бойынша емделеді. Қазіргі уақытта дүние жүзі ғалымдары трансплантациялауға болатын жасушаларды әзірлеумен айналысып жатыр. Қазақстандық биотехнолог өз жұмысында бұрын-соңды ғылымда қолданылмаған бета-клеткаларды алу әдісі арқылы бірегей нәтижелерге қол жеткізді.

Бақытжан Әлжанұлы 2018 жылы Канадада ғылыми-зерттеу жұмыстарын бастап, былтыр оны еліміздегі М.А.Айтхожин атындағы молекулалық биология және биохимия институтының базасында сәтті аяқтады.

БӘРЕКЕЛДІ!



Алматыдағы физика-математика бағытындағы зияткерлік мектебінің оқушысы Таір Сатубалдин тағы да үздік атанды. Ол осымен үшінші мәрте Халықаралық Жәутіков олимпиадасының алтын медалін иемденіп отыр.

Есеп-қисапқа бейімі барын байқаған Бахыт Архипқызы есімді күтушісі кішкентай кезінен Таірдың математикаға деген сүйіспеншілігін оятқан екен. Дарынды бала 7-сыныптан бастап Халықаралық жарыстарға қатысып, бағын сынай бастайды. Есепті

Ойға жүйрік оқушы

үшінші мәрте Халықаралық Жәутіков олимпиадасының алтын медалін иемденді



Рая
ЕСКЕНДІР

жаңғақша шағатын бозбаланың қоржынында бүгінде 20-ға жуық жүлде бар. Былтыр Астана IT университеті Таірға тегін оқу грантын ұсынса, Hong Kong University of Science and Technology жоғары оқу орнында білім алуына да мүмкіндік туып отыр. Таірдың қалауы АҚШ-тағы Massachusetts Institute of Technology университеті болғандықтан, әзірге сол оқу орнын көздеп отыр.

– Мәселен, менің бірінші турға 4,5 сағат уақытым кетсе, ал екінші турға 3 сағат уақыт жұмсадым. Алдағы өмірімді жоғары математикамен байланыстырғым келеді, – дейді Таір Сатубалдин. Халықаралық Жәутіков олимпиадасы – информатика, физика және математика пәндері бойынша 10-12-сынып оқушыларына арналған жыл сайынғы жарысқа биыл әлемнің 21 елінен 1178 оқушы қатысты.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сонау ғасырлардан бері қазақ халқымен бірге талай зұлтаттарды өткерген ұлттық тағамның бірі – құрт. Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, сиыр, түйе, қой, ешкі сүтінен құрттың түр-түрін жасаған. Жаңа технологиялардың заманы болса да, құрт жасау өнері өзектілігін жоймады. Керісінше, алыс-жақын шет елдерге танылып, жоғары бағаланып жатқан жайы бар. Осы орайда жастар арасында «JanAjem» атауымен ата кәсіпті арқау етіп, ұлттық өнімдерді танытып жүрген жастардың бірі Аружан ӘНУАРҚЫЗЫМЕН сұхбаттасқан едік.



пішінде жасаймыз, ең бастысы, сапасына мән береміз. Әжем «Атадан бабаға келе жатқан ақтың дәмін ақша үшін өзгертуге болмайды», – деп айтып отыратын. Қазір қарап отырсам, айланып асыратындар бүгінде сүзбеге ұн қосып та дайындап жүр. Тістегенде үгітіліп кететін мұндай құрттардың дәмі де сүйкімсіз. Базарларда саны бар, сапасы жоқ өнімдер қаптап кетті. Мұның басты себебі – өнімге қажетті заттардың қымбат болуы, жасауға ұзақ уақыттың кететіні.

– Құрттың түрлері жайлы айта кетсеңіз.

– Түрлері өте көп. Мысалы, сықпа құртты алақаныңа алып, сығып-сығып, белгілі бір пішінге келтіресің. Күлше құрттың көлемі үлкенірек болады. Оны алақанға салып, домалақтап алады да, ортасын басып, қажет болған жағдайда ортасын тесіп, жіпке тізіп кептіруге де болады. Шүйірме құрттың пішіні кішірек болады. Оны шүйіріп, домалақтап істейді. Малтақұрт – сорпаға езілген құрт. Құрт түсіне қарай ақ, қара құрт болып бөлінеді. Құрттың бір жақсы қасиеті – қарын аштырмайды. Ұзақ сапарға шыққанда құрт жеп алсаңыз қарныңыздың ашқаны байқалмайды. Бұрын бала кезде шешем құрт қайнататын. Құрттың көбігін жалап өстік. Құрт пен құрт қосылған сусын ішкен адамның күшқуаты мол болады.



аударып отырады. Дайындаған құрт дәмі қышқыл, түсі қоңыр болып келеді. Ал егер тәтті болсын десек, шұбатты сүзіп аламыз. Суы кепкенше қазанға шекермен араластырып, қоюланғанша қайнатамыз. Мұны да сопақ пішінге келтіріп, жақсылап кептіреміз. Дайындалған құртымыздың түсі ақ болып, тәтті дәмді болып келеді.

– Жұмыс барысында қиыншылықтар туындай ма?

– Қыста өнімдерді кептіруге қиын. Үйдің температурасында тұрады, оған көп уақыт кетеді. Сондықтан желдеткішті пайдаланып жүрміз. Жаз шығысымен аула құрт кептіретін торларға толады. Тағы бір атап өтетін жайт, жазда жайлауда жайылған төрт түліктің сүті майлы, құнарлы болып келеді. Өнімдердің түстері де сап-сары, майлы болады. Қыс мезгілінде қорадағы жем-шөпті жегендіктен болар, сүті аппақ, кейде көк түске боялады. Сондай-ақ, қыс пен көктем мезгілі төрт түліктің төлдейтін уақыты болғандықтан, сүтті де шамалап қана аламыз. Барлық өнімді бір жазда жинап алу мүмкін болмағандықтан, қыста да ата кәсібімізді жалғастыра береміз.

– Ұлттық тағамдарға сұраныс қаншалықты?

– Біздің өнімдерімізді шет елге аттанып бара жатқан қазақтар дәм ретінде алып кетеді. Кейіннен ақтан жасалған өнімдердің ұнағаны жайында естіп, қуанып қаламыз. Қазақ халқы ұлттық тағамдарды тек қана той-томалақтарда ғана емес, күнделікті тіршілікте де қолданған. Осылайша дұрыс тамақтанудың жолдарын білді десек, артық айтпағанымыз болар. Қазіргі таңда жастарымыз да ұлттық тағамдарды сүйіп жейді. Әлеуметтік желі арқылы өнімдерімізді көріп, іздеп келеді. Жаңашылдық болсын деген ниетпен құртымызды, жентімізді сәндеп, түрлі-түсті қораптарға саламыз. Сонымен қатар, өнімдеріміздің сапасына аса мән береміз. Мысалы, қаймақ 1-2 күнге жарамды, осы уақыт аралығында ғана сатамыз. Жентті де ұзақ уақыт ұстамаймыз. Мұздатқышта ұстауға болмайтын өнімдер де баршылық. Шұбат, тары, бидай секілді біздің ауылда жоқ өнімдерді Қазақстанның әр түкпірінен тапсырыспен алдырамыз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ҚҰРТ ҚАЙНАТЫП, МАЙ ШАЙҚАП...

қазақы дәстүрді жаңғыртып жүрген жастардың әрекеті көңіл қуантады

– Ата кәсіптеріңіз жайлы әңгімелей отырсыңыз?

– Біз құртты әжеміздің технологиясы бойынша жасап жүрміз. Ешқандай да артық өнімдер, қоспалар қоспаймыз. Сол себептен де кәсібіміздің атауын «JanAjem» деп қойдық. Біздің кәсіп үш ұрпақтан бері келе жатыр. Роза, Баян әжелерімізден кейін ата-анам, сосын күйеуім екеуіміз осы кәсіпті қолға алдық. Қазіргі уақытта біздің бүтін бір әулетіміз осынау ата кәсіппен шұғылданады. Ата-анам Алматы облысына қарасты Көкөзек ауылында сүт өнімдерін өндіріп, салып жібереді. Ал біз әлеуметтік желі арқылы сүт, жент, қаймақ, құрт секілді тағам түрлерін жарнамалаймыз. Болашақта барша Қазақстанға танымал сүт өнімдерін өндіруші кәсіпкерлер болармыз деген сенімдемін.

– Құрт өнімдерін қандай әдіспен өндіресіздер?

– Жиналған сүтті күбі, іркітшелек сияқты үлкен ыдысқа жинап, бірнеше күн ашытып, ұйытады. Ұйыған сүтті қапқа салып, аша ағаштың басына іліп, сары суын сорғытып алады. Қалған қоймалжыңын араластырады. Құрттың дәмі ащы, тәтті болуы қанша күн тұрғанына байланысты. Сүт неғұрлым ұзағырақ тұрса – соғұрлым ащы болады. Сондай-ақ, ащы құртқа тұз да көбірек қосылады. Ондай құрт ұзақ уақытқа сақталады. Бүгінгі уақытта жаңа технологияның арқасында біраз шаруаларымыз жеңілдеді. Алайда, құртты кептіру, формасына келтіру сынды жұмыстар табиғи жолмен жасалады.



– Пішіндері секілді, өнімдеріңнің де дәмі өзгереді болар?

– Сатып алушылардың талғамы әртүрлі болғандықтан, құртты түрлі формада, түрлі дәммен даярладық. Мысалы, ащы дәмді ұнатпайтындарға жент, ірімшік қосылған дәмді құрттарды ұсынамыз. Арнайы тапсырыспен кептірілген жемістерден, қан көбейтуге арналған қызылшадан, мейізден, қан қысымы жоғары адамдарға жалбыздан, асқазанға пайдалы райхан гүлінен, сәбіз сығындысынан, кептірілген өріктен араластырып құрт жасап сатамыз. Біз әрқашан да тың дүниелерді жарыққа шығаруға тырысамыз, формаларын өзгеше



– Ашыған түйенің сүтін, яғни шұбаттан жасалатын құрт жайлы айта кетсеңіз.

– Оны түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайнатады. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт қайнатқышпен әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып, араластырып отырады. Әбден қойылған құртты кенеп қапқа құйып, керегеге асып қояды. Сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Содан кейін қолмен бөлшектеп, тақшаға қолмен сығып немесе алақанда айналдырып сопақ пішінге келтіріп, кептіреді. Көгермей, қызбай, біртегіс кебу үшін оны бірнеше рет

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



ҚАРИЯҒА ҚАРАЙ АЛЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Бүгінгі қоғам жаһандану ығымен өркендеуде. Ол жағы рас. Десе де, ұлттық құндылық қай деңгейде? Кезінде Сырым Датұлы «Үш түрлі қария болады. Қадірлі, қазымыр, қыдырма қадірсіз» депті. Осының байыбына тереңдеп көрелік.

Бірде емханаға баруға тура келді. Қала абыр-сабыр. Жүйткіген көліктер. Әйтеруір, №12 қалалық емханаға да жеттім. Дәрігер қыз дене қызуымды өлшеді. Екпенің екінші дозасын салдыруға жол сілтеді. 2-қабатқа көтерілдім. Ұзын-сонар кезек екен. Сөйтіп, бір атайдың қасындағы орындарға жайғастым. Үлкен кісілермен әңгіме-дүкен құрғанды ұнатамын. Бәлкім, ауылда ата мен әженің тәрбиесін алғандығымнан шығар. Қарияның жасы 85-те екен. Отбасымен вакцина алуға келіпті. Қасында 3 қызы, немересі бар. Балалары орысша сөйлесті. Әр нәрсені айтып, зірк-зірк етеді. Ақсақал бұрын қызмет істеген, қуаң өңді, ұзындау келген, басына шләпі киген кісі екен.

Осылайша атайды дәрігер қыз шақырды. Қан қысымы вакцина салдыруға жоғары болды. Ол кісі нақтылай медицина жағынан сұрай бастады. Қыздары бажылдады. Мұнысы

көзге оғаш тиді. Бәрі шаруасын бітірді. Барлығы 15-16 жастағы немересіне атайды табыстады. Бала тыжырайып, құлағындағы құлақ қабын шешті. Жетектеп үйіне жеткізгісі келмеді. Сөйтіп, өз жөндеріне кетті.

Мән-жайды ұғынсам, бала тәрбиесі қаланың қатқыл әдетіне жол берген сияқты. Қызмет, тірлік жас күнінде мойын бұрғызбаған секілді. Қария жас отбасылар қаймағы бұзылмаған қазақы тәрбиенен ажырмау керектігін, сөзімен де, көзіндегі мұңмен де ұғындырғандай болды. Сонымен, ақсақал айтқан өсиетті көңілге түйіп, екпе қабылдап, үйге оралдым.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



КІТАПХАНА

«ТАҢҒАЖАЙЫП БАЛАЛАР ӘЛЕМІ»

Кеше С.Бегалин атындағы орталық қалалық балалар кітапханасында Балалар жылына орай «Таңғажайып балалар әлемі» атты мерекелік шара өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шара Алматы қаласы әкімшілігінің шекті аспаптар оркестрінің өнер көрсетуімен басталып, кітапхананың жас оқырмандары Есей Жеңісұлы, Ксения Рогожникова, Елена Клепикова сынды балалар жазушылары мен балаларға арналған кітап авторларымен кездесті.

«Ертегілер шеберханасы» алаңында балалар нағыз ертегілер кейіпкерлері – Батырлар мен Жалмауыз кемпірмен бірге халық ертегілері туралы интерактив викторинасына қатысып, самғаған Самұрық құсын қағаздан жасауды үйренді.

Сонымен қатар, балалар Льюис Кэролдың «Алисаньң ғажайыптар еліндегі саяхаты» ертегі кейіпкерлері мен сиқыршы бала Хари Поттер туралы бестселлерді қазақ тіліне аударған жоба авторы Раиса Қадірқызымен кездесті.

Мерекелік шара барысында Алматы қаласы хайуанаттар бағының балалар хайуанаттар бағы, Мемлекеттік қуыршақ театрының әртістері, Алматы мемлекеттік цирк колледжінің цирк қойылымдары кітапхана оқырмандарына қуаныш сыйлады.

«Бүгін балалар кітапханасында үлкен мереке өтуде. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялады. «Балалар – біздің болашағымыз болғандықтан, ертеңгі күн



үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», – деп баса айтып өтті. Балалар жылы аясында С.Бегалин атындағы балалар кітапханасы мерекені алғашқылардың бірі болып бастап кетті.

«Мерекелік шараға қаладағы әртүрлі мектептерден оқушыларымыз, тұрақты оқырмандар жиналып, ертегілер еліне саяхат жасады. Балалар жазушыларымен кездесіп, өздері оқыған шығармалардың авторларына сұрақтарын қойып, поэзия оқыды, күй тартты. Осындай іс-шараларды кітапханада жиі өткізу – балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын оятын бірден-бір жолы», – дейді С.Бегалин атындағы орталық қалалық балалар кітапханасының кітапханашысы Жазира Қуанышбайқызы.

Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
жазушы:

– Жас оқырмандардың арасында болып тұрамыз. Дегенмен, балалармен жеке шығармашылығыңа байланысты кездесу адамға жақсы әсер береді екен. Қаламгердің өзіне жазған дүниесі ешкімге қызық емес болып көрінеді. Балалар шығарманды оқып, детальдарына дейін тоқталып жатқанда, оқырманның көңілінен шыққанына қуанып отырарсың. Өлеңдерім балалардың түсінігіне сәл ауырлау. Бірақ сонда да болса олардың сезініп, жатқа оқығандары көңілімнен шықты.

1988 жылы біздің ауылға Мұхтар Шаханов келгенде «Ғасырларды безбендеу» атты кітабына қолтаңба жаздырып алғам. Сол кездесу маған әсер етіп, шығармашылыққа, әдебиетке келуіме септігін тигізді. Сол сияқты, осындай кездесулерге балалар келіп-кетіп қана қоймай, болашағына бағдар алып кетсе деп ойлаймын.

КИНОКЕҢІСТІК

ЖІГЕРЛЕНДІРЕР
ТУЫНДЫ

Отандық кинотуындының қатары тағы бір фильммен толықтақ. Щучинскіде «Паралимпиадашылар» фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Айтулы шараға ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев қатысты.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Параспортшылар туралы фильм түсіру идеясы 2018 жылы Кореяда өткен паралимпиада ойындарынан кейін келді. Белгілі болғандай паралимпиадашыларға аса мән берілмейтіні байқалды. Паралимпиадашылардың тағдыры мен спорттағы еңбектері туралы қоғамның хабары аз. Бұл мәселе мені бей-жай қалдырмады. Фильм сюжеті шынайы өмірден алынған. Алдымен паралимпиадашылармен кеңесіп, ақпарат жинадық. Мотивациялық фильм. Жалпы, қазіргі отандық фильмдердің дені комедия жанрына жатады. Осы тұрғыда біз өмірлік мәні бар, адамдарға ерік-жігер беретін туынды жасағымыз келді», – деді фильм режиссері Алдияр Байрақимов.

Аталған фильмде драма, экшн, комедия жанрларының көріністері бар. «Параспортшылар өте жігерлі адамдар. Әр параспортшының өз тарихы бар. Фильмді түсіру барысында біз

тікелей кәсіби паралимпиадашылармен жұмыс істедік. «Паралимпиец» Қазақстанда паралимпиадашылар туралы түсірілген алғашқы фильм. Тағы бір жайт, көпшілік үшін деректі фильм емес, көркем туынды етуге тырыстық», – дейді ол.

Фильмдегі басты рөлді жас актер Асқар Ілиясов сомдайды. Түсірілім Алматы және Щучинск қаласындағы қысқы спорт нысандарында өтті. Ал қалың жұртшылықтың назарына биыл 21 сәуірде ұсынылмақ. «Жоспар құрғанда басты рөлге әртіс емес, шынайы параспортшыны түсіруді ойладық. Сөйтіп, 3 кастинг өткіздік. Нәтижесінде кәсіби әртістің керектігін түсіндік. Себебі, басты рөлді сомдау оңай емес және параспортшыға қиынға соғатын болды. Дегенмен, фильмнің ішінде нағыз паралимпиадашылар да бар», – деді фильм авторы.

Одан бөлек, режиссер алдағы уақытта «Паралимпиадашы» фильмін кино саласындағы халықаралық байқауларға қатыстырып, бағын сыналатынын айтты.

ЖӨН ЕКЕН!

КӘСІБИ
ДӘРІС БЕРЕДІ

Алматы төрінде отандық цирк өнерінің шеберлері – Мұтырғановтар мен оның командасы балаларды осы салаға тегін баулып жатыр.



Циркке қызығушылығы бар жеткіншектерге кәсіби мамандар сабақ береді. Бүгінгі таңда бұл өнер мектебіне 50-ге жуық бала келіп жүр. Олар цирк өнерінің жонглер, акробатика, иллюзионизм, моноциклде жүру сынды түрлерінен кәсіби деңгейде дәріс алады. Цирк мектебін Алматы әкімдігі қаржыландырып отыр.

Мектеп директоры Мұрат Мұтырғановтың айтуынша, оның отбасы осындай цирк мектебін ашуды бұрыннан армандапты. Енді, міне, арман орындалып, олар отандық цирктің болашақ жұлдыздарын жаттықтыруда.

– Біздің мектептің басты мақсаты – цирк өнері арқылы балаларда үйлестіру қызметін, моторикасын,

мидың екі жарты шарының жұмысын дамыту және кез келген стресске төзімділігін қалыптастыру, – дейді М.Мұтырғанов.

Кішкентай артистер жыл бойы жаңажылдық шоуға дайындалады. Себебі, цирк өнері ұзақ еңбекті, маңдай терді талап етеді.

Нұр ЖАМАЛ.

БАЙҚАУ

СЫНШЫЛАР ДА
«СЫНАЛДЫ»

Мегаполисте «Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің» ұйымдастыруымен «Қазақстан театрлары» мониторингінің қорытындысы өтті.

Жиында «Сыншылар жүлдесі» сыйлығының марапаттауы болып, жеңімпаздар анықталды. Мұнда ел театрларының өткен жылы сахналаған спектакльдері мен шығармашылық жұмыстары сынға түсті.

Байқауға еліміздің барлық өңірінен 48 театр жұлдеге үміт-

